Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискр етті әдіс)	Ленин көшесі,15	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, азот диоксиді, фенол, күшән, гамма-фон
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Попович көшесі, 9 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектер, PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



5.5-сурет. Глубокое кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің (5.5-сур.) деректері бойынша қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=5 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ= 6% (көтеріңкі деңгей) (1,2-сур.) № 2 бекет аумағында күкірт диоксидімен (Попович көшесі, 9 «А») анықталды.

Орташа күкірт диоксиді шоғырлары – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, озон – 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 2,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 4,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 4,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 5.8 Шығыс Қазақстан обласы аумағындағы жер үсті су сапасы

Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 9 су нысанында жүргізіледі (Қара Ертіс, Ертіс, Бреска, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Оба, Бұқтырма, Емел өзендері).

**Қара Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1-9,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,48, еріген оттегінің судағы шоғыры - 11,73 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> -2,25 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,8 ШЖШ бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.



**Ертіс** өзенінде су температурасы 0,1-13,0 °С, сутегі көрсеткіші 7,82, еріген оттегінің судағы шоғыры - 9,53 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>-1,24 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+)2,1 ШЖШ, мырыш (2+)1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Бұқтырма** өзенінде су температурасы 0,1-6,8 °С, сутегі көрсеткіші 7,71, еріген оттегінің судағы шоғыры - 11,82 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 0,89 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)1,3 ШЖШ, мыс (2+)1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Брекса** өзенінде су температурасы 0,1-7,5 °С, сутегі көрсеткіші 7,45, еріген оттегінің судағы шоғыры-10,28 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,03 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 3,2 ШЖШ, жалпы темір 3,1 ШЖШ, тұзды аммоний 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)10,4 ШЖШ, марганец (2+)6,9 ШЖШ, мыс (2+)3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тихая** өзенінде су температурасы 1,2-7,2 °С, сутегі көрсеткіші 7,33, еріген оттегінің судағы шоғыры - 10,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,45 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 2,9 ШЖШ, тұзды аммоний 2,2 ШЖШ, жалпы темір 1,5 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)- 13,5 ШЖШ, марганец (2+) 8,2 ШЖШ, мыс (2+)2,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Үлбі** өзенінде су температурасы 0,1-8,6 °С, сутегі көрсеткіші 7,68, еріген оттегінің судағы шоғыры - 10,58 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,17 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)12,4 ШЖШ, марганец (2+)5,7 ШЖШ, мыс (2+)2,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Глубочанка** өзенінде су температурасы 0,1-8,0 °С, сутегі көрсеткіші 8,15, еріген оттегінің судағы шоғыры - 10,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 1,31 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мырыш (2+)17,4 ШЖШ, марганец (2+)6,1 ШЖШ, мыс (2+)2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Красноярка** өзенінде су температурасы 0,1-7,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,14, еріген оттегінің судағы шоғыры - 11,60 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 0,89 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мырыш 42,5 (2+)ШЖШ, марганец (2+)6,8 ШЖШ, мыс (2+)3,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Оба** өзенінде су температурасы 0,1-9,4 °С, сутегі көрсеткіші 7,85, еріген оттегінің судағы шоғыры - 10,79 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,00 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)4,4 ШЖШ,мырыш (2+)3,6 ШЖШ, марганец (2+)1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Емел** өзенінде су температурасы 0,2-11,2 °С, сутегі көрсеткіші 8,38, еріген оттегінің судағы шоғыры - 11,22 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>-1,80 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 2,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ, марганец (2+) 1,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады:«*ластанудың орташа деңгейі*» – Қара Ертіс,Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел өзендері;«*ластанудың жоғары*


деңгейі» – Үлбі, Глубочанка, Тихая, Брекса өзендері; «ластанудың аса жоғары деңгейі» – Красноярка өзені.

2016 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Тихая, Оба, Емел өзендері суайтарлықтай өзгермеген, Брекса өзені жақсарды, Красноярка өзені төмендеді.


ОБТ5 бойынша су сапасы: Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Емел, Оба, Брекса, Тихая, Красноярка өзендерінде «нормативті таза».

ОБТ5 бойынша су сапасы 2016 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Үлбі, Глубочанка, Емел, Оба, Брекса, Тихая, Красноярка өзендерінде айтарлықтай өзгермеген.

Облыс аумағында 4-тоқсанда келесі ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелді: Брекса өзені - 5 ЖЛ, Тихая өзені – 6 ЖЛ, Үлбі өзені – 6 ЖЛ, Глубочанка өзені - 8 ЖЛ, Красноярка өзені – 3 ЖЛ және 1 ЭЖЛ жағдайлары тіркелді (5-кесте).



5.7 сур. Емел өзенінің жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



5.8 сур. Шығыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

### 5.9 Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының гидробиологиялық және токсикологиялық көрсеткіштері бойынша сипаттамасы

2017 ж. қазан айынан желтоқсан айына дейінгі жоғарғы Ертіс алабы ағын суларының суы токсикологиялық көрсеткіштер бойынша бірыңғай емес.

Қара Ертіс, Еміл, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Үлбі (Өскемен қ.), Глубочанка (шартты көрініс), Брекса, Тихая, Красноярка (шартты көрініс) өзендерінен алынған су сынамалары тірі ағзаларға өткір уытты әсер еткен жоқ.

Үлбі өз. «Тишинск кеніші шахталық суларының төгіндісінен 4,8 км төмен; автожол көпірі маңындағы тұстамада желтоқсан айында бір өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген дафниялар саны 100% құрады.

Глубочанка өз. «Белоусовка а. тазалау құрылғыларының шаруашылық қалдық сулары төгінділерінен 0,5 км төмен» орналасқан тұстамада қазан айында өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген тест-объектілер 66,7% құрады. «Глубокое аул шегінде; сағадан 0,3 км жоғары» орналасқан тұстамада өткір уыттылық қазан және қараша айларында байқалды, өлген тест-объектілер саны 73,3% және 76,7% сәйкес құрады.

Красноярка өз. «Березовка өз құйылысынан 1 км төмен; автожол көпірі маңындағы» тұстамада да желтоқсан айында өткір уыттылық жағдайы тіркелді, өлген дафниялар саны 100% құрады.

Перифитонның даму көрсеткіштері бойынша, сапробты көрсткіш мәндері II және III аралығында болған Бұқтырма өзенінен басқа, барлық өзендер орташа ластанумен сипатталды. Сапробты индекс көрсеткіші Брекса, Тихая, және Глубочанка мен Краснояр өзендерінде шамалы жоғары болды.

Макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза сулар» санатына келесі өзендерді жатқызуға болады: Брекса, Тихая (Риддер қ. шегінде), Ертіс (Прапорщикова және Предгорное а. шегінде), Үлбі (Тишинск кеніші), Красноярка (шартты көрініс) және Кара Ертіс, Емель өзендері.

Тихая (шартты көрініс) және Оба (төгінділерден төмен) өзендерінен аса қолайсыз жағдай анықталды, су сапасы V класс- лас сулар болды.

Үлбі (Өскемен қ. шегінде) мен Глубочанка (Белоусовка а. төгінділерден 0,5 км төмен) өзендерінің суы ластанған IV класс сапасы.

Қалған өзендер III санатты орташа ластанған сапа көрсеткішімен сипатталды(7, 7.1 -қосымшалар).

#### **5.10 2017 жылдың күз мезгіліндегі Шығыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Өскемен қаласының** топырақ сынамаларында хром құрамы 0,24 - 3,12 мг/кг, мырыш – 11,4 - 61,8 мг/кг, қорғасын – 9,8 - 317,3 мг/кг, мыс – 1,15 - 15,6 мг/кг, кадмий – 0,05 - 13,5 мг/кг шамасында болды.

Тракторная көшесі мен Абай даңғылы қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 4,6 ШЖШ, мыс және мырыш – 2,7 ШЖШ артуы анықталды.

Рабочая және Божова («Қазцинк» ЖАҚ 1 км ары) көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 5,2 ШЖШ, қорғасын – 9,9 ШЖШ, мырыш – 2,1 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин даңғылы автомагистралі (МАИ ауданы, «Қазцинк» ЖАҚ 3 км оңтүстік батысқа қарай) ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 3,7 ШЖШ, мырыш – 2,7 ШЖШ, мыс – 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

«Көк көлдер» саябағы («Қазцинк» ЖАҚ 3 км) ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,1 ШЖШ артуы анықталды.

№34 мектеп («Қазцинк» ЖАҚ 3 км ) ауданында анықталатын барлық қоспалар шоғыры норма шамасында болды.

**Риддер қаласының** топырақ сынамаларында хром құрамы 0,34 - 0,65 мг/кг, мырыш – 22,5 - 52,3 мг/кг, мыс – 0,83 - 14,7 мг/кг, қорғасын – 122,5 - 257,1 мг/кг, кадмий – 0,83 - 2,35 мг/кг шамасында болды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша – 6,0 ШЖШ, мырыш – 1,7 ШЖШ, мыс – 4,9 ШЖШ артуы анықталды.

Мырыш зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 6,1 ШЖШ, мыс – 1,6 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Қорғасын зауытының санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 8,0 ШЖШ, мыс – 3,5 ШЖШ, мырыш – 2,3 ШЖШ артуы анықталды.

№3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 3,8 ШЖШ, мыс – 1,6 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Көлік саны көбірек ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 7,7 ШЖШ, мырыш – 2,2 ШЖШ артуы анықталды.

**Семей қаласының** топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,27 - 3,7 мг/кг, мырыш – 12,4 - 24,4 мг/кг, қорғасын – 22,5 - 37,8 мг/кг, мыс – 0,86 - 1,35 мг/кг, кадмий – 0,12 - 0,52 мг/кг шамасында болды.

Әуезов даңғылы ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,2 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

№3 мектеп, «Семейцемент» СҚА ауданында автомагистраль және орталық саябақ ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

### **5.11 Шығыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 17 метеорологиялық стансада (Ақжар, Аягөз, Дмитревка, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Жалғызтөбе, Катон-Қарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самарқа, Семей, Үлкен Нарын, Өскемен, Шар, Шемонаиха) жүргізіледі (5.11-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,05 – 0,23 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

### **5.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 7 метеорологиялық станцияда (Аягөз, Баршатаc, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (5.11-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 1,8 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



5.11 – сурет. Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 6 Жамбыл облысының қоршаған орта жай-күйі

### 6.1 Тараз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 5 стационарлық бекетте жүргізілді (6.1-сур., 6.1-кесте).


6.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Шымкент көшесі, 22	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид	кадмий, кобальт, марганец, қорғасын

2			Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид	
3			Абай және Төле би көшелерінің бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фторлысутек, формальдегид, бенз(а)пирен	кадмий, кобальт, марганец, қорғасын
4			Байзақ батыр көшесі, 162	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид	
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Сәтбаев көшесі мен Жамбыл даңғылы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, көміртегі диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак	





6.1-сур. Тараз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=3 және ЕЖҚ=6% (1,2-сур.) азот диоксидімен №3 бекет аумағында (Абай және Төле би көшелерінің бұрышы) және көміртегі оксидімен №2 бекет аумағында (Рысбек батыр көшесі, 15, Ниетқалиев көшесінің бұрышы) анықталды.

Орташа қалқыма бөлшектері (шаң) шоғырлары – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 13,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот оксидімен – 5,8 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар мен ауыр металдардың бар болуы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары бойынша – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 3,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 6.2 Жанатас қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.2-сур., 6.2-кесте).

6.2 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
-------	--------	---------	------------------	----------------------



нөмірі	мерзімі	жүргізу		
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тоқтаров көшесі, 27/1 және 27-а	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), аммиак



6.2-сурет. Жанаатас қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды,  $СИ=2$  және  $ЕЖҚ=1\%$  (1,2-сур.) қалқыма бөлшектерімен анықталды.

Орташа озон (жербеті) шоғырлары  $1,3$  ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік PM-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары –  $1,9$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері –  $2,0$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді –  $1,98$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак –  $1,4$  ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


### 6.3 Қаратау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.3-сур., 6.3-кесте).

6.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссізрежимде	Тамды әулие, №130	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.3-сурет. Қаратау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=5 (жоғары деңгей), ЕЖҚ=3% (көтеріңкі деңгей) (1,2- сур.) PM-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

Орташа PM-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, озон (жербеті) – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 2,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 5,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


#### 6.4 Шу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.4-сур., 6.4-кесте).

6.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Шу қалалық ауруханасының маңында	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак



6.4-сурет. Шу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.4-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=7 және ЕЖҚ=9% (1,2- сур.) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

Орташа РМ-2,5 қалқыма бөлшектер шоғырлары – 1,9 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 7,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірттісутек – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


### 6.5 Қордай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (6.5-сур., 6.5-кесте).

6.5 - кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жібек жолы көшесі, №496«А»	РМ-2,5 қалқыма бөлшектері, РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутек, аммиак



6.5-сурет. Қордай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (6.5-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=3 (көтеріңкі деңгей) РМ-10 қалқыма бөлшектері мен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 2,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 6.6 Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Жамбыл облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 10 нүсанында жүргізіледі (Талас, Асса, Беріқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Тасөткел су қоймасы және Билікөл көлі).

Шу, Талас және Аса өзендерінің бассейн ағындары Қырғызстан Республикасы аумағында іс жүзінде толықтай белгілі нүсанға келеді. Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері Шу өзенінің тармағы болып келеді.

**Талас** өзені суының температурасы 5,5-18<sup>0</sup>С, сутегі көрсеткіші 8,1, суда еріген оттегінің шоғыры - 10,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> -3,26 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар - 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс(2+)- 3,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Асса** өзені суының температурасы 3-7,5<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры - 10,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,65 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Берікқара** өзені суының температурасы 14,5<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры - 9,11 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 1,35 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> - 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Билікөл** көлі суының температурасы 3,5-15,5<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры - 9,13 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 16,6 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний - 2,6 ШЖШ, сульфаттар - 9,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер - 1,6 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup>- 3,0 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Шу** өзені суының температурасы 2,9-13,6<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры - 10,6 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 4,47 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар - 1,3 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup>- 3,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Аксу** өзені суының температурасы 2,5-14,2<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры - 10,9 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 5,08 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний - 1,4 ШЖШ, сульфаттар - 3,1 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер - 1,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> 3,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Қарабалта** өзені суының температурасы 2,4-14,5<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры - 11,2 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 4,15 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний - 1,2 ШЖШ, сульфаттар - 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер - 1,2 ШЖШ, жалпы темір - 1,9 ШЖШ), ауыр металдар(мыс<sup>(2+)</sup> - 3,7 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар - 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тоқташ** өзені суының температурасы 2,2-12<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 7,8, суда еріген оттегінің шоғыры 10,9 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,85 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 3,4 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,2 ШЖШ, жалпы темір 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> 3,3 ШЖШ, марганец<sup>(2+)</sup> 1,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 1,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Сарықау** өзені суының температурасы 2,2-10<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 11,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 5,65 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,4 ШЖШ, сульфаттар 4,9 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,4 ШЖШ, жалпы темір 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> 3,3 ШЖШ), органикалық заттар (фенолдар 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Тасөткел** су қоймасы суының температурасы 13,0<sup>0</sup>С, сутегікөрсеткіші 8,0, суда еріген оттегінің шоғыры 10,8 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 4,2 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 1,8 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (мыс<sup>(2+)</sup> 3,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.



Су нысандары суының сапасы келесідей бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Билікөл көлі және Тасөткел су қоймасы.


2016 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Тасөткел су қоймасы айтарлықтай өзгермеген; Билікөл көлі нашарлаған.

ОБТ<sub>5</sub> бойынша Билікөл көлінің су сапасы «ластанудың өте жоғары деңгейінде»; Талас, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Тасөткел су қоймасы «ластанудың орташа деңгейінде»; Аса, Берікқара өзендерінде «нормативті таза» деңгейінде болды.

ОБТ<sub>5</sub> бойынша су сапасын 2016 жылғы 4 кварталмен салыстырғанда Талас, Аса, Берікқара, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері және Билікөл көлінде айтарлықтай өзгермеген; Тасөткел су қоймасында нашарлаған.

Оттегі режимі бірқалыпты.

2017 жылдың 4-тоқсанында Жамбыл облысы аумағында Билікөл көлінде 3 ЖЛ жағдайы тіркелген(5-кесте).



6.7 сур. Жамбыл облысы жер үсті су сапасының сипаттамасы

### 6.7 2017 жылдың күз мезгіліндегі Жамбыл облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

**Тараз қаласының** түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,36 - 1,21 мг/кг, мырыш – 12,4 - 22,9 мг/кг, мыс – 0,74 - 2,64 мг/кг, қорғасын – 27,6 - 53,2 мг/кг, кадмий – 0,13 - 0,27 мг/кг шамасында болды.

Қант зауыты ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,6 ШЖШ артуы анықталды.

№40 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,5 ШЖШ артуы анықталды. Мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Орталық алаң ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,7 ШЖШ артуы анықталды.

Айналма жолы мен мәдениет және демалыс саябағы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

**Қаратау қаласында** тау-кен қайта өңдеу комбинаты 500 м ауданында және метеостанция ауданында хром құрамы 0,74-1,25 мг/кг, мырыш – 12,4 – 15,3 мг/кг, мыс – 1,54-2,06 мг/кг, қорғасын – 19,6-25,6 мг/кг, кадмий – 0,17 -0,23 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

**Жанатас қаласының** түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,47-1,21 мг/кг, мырыш – 12,6-19,6 мг/кг, мыс – 0,73-1,32 мг/кг, қорғасын – 22,6-34,2 мг/кг, кадмий – 0,08-0,33 мг/кг шамасында болды.

Қала шетіндегі жаңармай құятын станция ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Тау-кен өндіру комбинатының ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

**Шу қаласында** түрлі аудандарда алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,49-0,83 мг/кг, мырыш – 5,4-15,1 мг/кг, мыс – 0,66-1,15 мг/кг, қорғасын – 17,3-36,6 мг/кг, кадмий – 0,15-0,18 мг/кг шамасында болды.

Қалаға кіретін аумақ аудандарындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Қала орталығы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

**Қордай кенті** түрлі аудандарда алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,88-1,14 мг/кг, мырыш – 13,5-14,9 мг/кг, мыс – 1,17-1,57 мг/кг, қорғасын – 24,6-35,3 мг/кг, кадмий – 0,21-0,37 мг/кг шамасында болды.

Қосалқы станция ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Кент орталығы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

## **6.8 Жамбыл облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Тараз, Төле би, Шығанақ) жүргізіледі (6.8-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,11 – 0,20 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,16 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.



## 6.9 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Тараз, Төле би, Шығанақ) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (6.8-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



6.8 – сурет. Жамбыл облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 7 Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


### 7.1 Орал қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (7.1-сур., 7.1-кесте).

7.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	№1 өрт сөндіру бөлімінің маңы (Гагарин көшесі, №25 үйдің ауданы)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак, көмір сутегісінің сомасы, метан
3			Киров атындағы саябақтың маңы (Даумов көшесі)	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, көмір сутегісінің сомасы, метан
5			Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.1-сурет. Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=1% (1,2-сур.) № 5-бекет аумағында көміртегі оксидімен (Мұхит көшесі («Мирлан» базарының ауданы) анықталды.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 4,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі - 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 7.2 Орал қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Орал қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – «Пластик» зауытының ауданы, Шолохов және Штыбкөшелері; №2 нүкте – «Конденсат» АҚ ауданы, Шаган өз. арқылы көпір ауданы) жүргізілді.

РМ-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша №2 нүктеде күкіртті сутегі 1,74 ШЖШ құрды, басқа ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.2-кесте).

Орал қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры


Анықталатын қоспалар	№1 нүкте		№2 нүкте	
	q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>т</sub> /ЩЖШ	q <sub>м</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>т</sub> /ЩЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,08	0,26	0,09	0,29
Күкірт диоксиді	0,01	0,02	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	2,93	0,6	2,69	0,5
Азот диоксиді	0,06	0,29	0,07	0,37
Азот оксиді	0,02	0,05	0,06	0,15
Күкіртті сутегі	0,002	0,305	0,001	1,74
Көмір сутегі сомасы	20,92		21,37	
Аммиак	0,09	0,46	0,02	0,09
Формальдегид	0,00	0,000	0,000	0,000
Бензол	0,08	0,27	0,08	0,28

### 7.3 Ақсай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.2-сур., 7.3-кесте).

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Утвинская көшесі, 17	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкіртті сутегі, аммиак



7.2-сурет. Аксай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Орташа және максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ-дан аспады.


#### 7.4 Березовка кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.3-сур., 7.4-кесте).

7.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Тупиковая көшесі, 1/6	көміртегі оксиді, күкіртті сутегі



7.3-сурет. Березовка кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.3-сур.) атмосфералық ауаның жалпы ластану деңгейі төмен болып бағаланды, ЕЖҚ=1% және СИ=0 анықталды (1,2-сур.).

Барлық ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

### 7.5 Январцево кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (7.4-сур., 7.5-кесте).

7.5- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
6	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Январцево а.	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак





7.4-сурет. Январцево кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (7.4-сур.) атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) және ЕЖҚ= 0% (төмен деңгей) көрсеткіштерімен анықталды (1, 2-сур.).

Максималды-бірлік шоғырлар көміртегі оксиді бойынша 1,9 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың концентрациясы ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 7.6 Январцево кентінің эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Январцево кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау (*Чинарево кенорнының ауданына жақын*) жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутектің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, бензолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша барлық ластаушы заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырдан аспады (7.6-кесте).

Январцево кентінің бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктесі	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,067	0,224
Күкірт диоксиді	0,002	0,004
Көміртегі оксиді	1,541	0,308
Азот диоксиді	0,049	0,246
Азот оксиді	0,012	0,031
Күкіртті сутегі	0,003	0,361
Көмір сутегі сомасы	21,8	
Аммиак	0,009	0,046
Формальдегид	0,000	0,000
Бензол	0,046	0,153

### 7.7 Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен өзендері, Көшім арнасы, Шалқар көлінде.

**Жайық** өзен суының температурасы 1,3-9°C аралығында, сутегі көрсеткіші 7,2, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,32 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> - 2,38 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,5 ШЖШ, жалпы темір – 1,9 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Шаған** өзенінде су температурасы 2-11 °C аралығында, сутегі көрсеткіші 6,9, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,23 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 2,41 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 1,2 ШЖШ, жалпы темір – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Деркөл** өзенінде су температурасы 1,5-10°C аралығында, сутегі көрсеткіші 6,99, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,68 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 2,55мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 2,1 ШЖШ, жалпы темір – 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Елек** өзенінде су температурасы 6°C, сутегі көрсеткіші 7,21, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,04 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 2,20 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 3,1 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,0 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Шыңғырлау** өзенінде су температурасы 8 °C, сутегі көрсеткіші 6,98, судағы еріген оттегі концентрациясы-11,20 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>-2,74 мг/дм<sup>3</sup>. . Негізгі иондар (хлоридтер 4,3 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ ), биогенді заттар (жалпы темір – 1,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.



**Сарыөзен** өзенінде су температурасы 5,1 °С, сутегі көрсеткіші 6,28, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,76 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 2,36 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот-2,0 ШЖШ, жалпы темір-1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Қараөзен** өзенінде су температурасы 5 °С, сутегі көрсеткіші 7,01, судағы еріген оттегі концентрациясы – 9,44 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 2,32 мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,8 ШЖШ, жалпы темір – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Көшім арнасында** су температурасы 6,4°С, сутегі көрсеткіші 6,11, судағы еріген оттегі концентрациясы-9,60 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>-2,40мг/дм<sup>3</sup>. Биогенді заттар (нитритті азот – 1,9 ШЖШ, жалпы темір – 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асуы байқалды.

**Шалқар көлінде** су температурасы 6 °С, сутегі көрсеткіші 7,19, судағы еріген оттегі концентрациясы – 11,52 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub>- 3,07 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 7,2 ШЖШ, магний – 6,8 ШЖШ,сульфаттар -1,9 ШЖШ, кальций-1,9 ШЖШ), биогенді заттар (нитритті азот – 2,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқаны байқалды.


Батыс Қазақстан облысы аумағындағы Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Қараөзен, Сарыөзен, Шыңғырлау өзендері, Көшім арнасында су сапасы «ластанудың орташа деңгейінде», Шалқар көлінде су сапасы «ластанудың жоғары деңгейінде» деп бағаланды.

2016 жылғы 4 тоқсанымен салыстырғанда, Жайық Шаған, Деркөл, Елек, Сарыөзен, Қараөзен, Шыңғырлау өзендері, Көшім арнасы мен Шалқар көлінде су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

ОБТ<sub>5</sub> көрсеткіші бойынша су сапасы Шалқар көлінде *«ластанудың орташа деңгейінде»*, қалған су нысандарында *«нормативті-таза»* деп бағаланды.

2016 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда ОБТ<sub>5</sub> көрсеткіші бойынша су сапасы Шалқар көлінде – нашарлаған; Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен Қараөзен өзендері, Көшім арнасында су сапасы айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты болды (4-кесте).



7.6 сур. Батыс Қазақстан облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

## 7.8 2017 жылдың күз мезгіліндегі Батыс Қазақстан облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

**Орал қаласының** түрлі аудандарына алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,61 - 1,18 мг/кг, қорғасын – 2,1 - 3,6 мг/кг, мырыш – 20,8 - 30,6 мг/кг, мыс – 3,1 - 8,4 мг/кг, кадмий 0,11 - 0,45 мг/кг шамасында болды.

Паркі ауданындағы топырақ сынамасында мыс құрамы 1,03 ШЖШ деңгейінде болды.

Шаған өз. 0,4 км «Зенит» зауыты шекарасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 2,8 ШЖШ, мырыш – 1,2 ШЖШ артуы анықталды.

Шаған өз. 0,5 км «Зенит» зауыты шекарасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,9 ШЖШ, мырыш – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

№11 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,4 ШЖШ аруты анықталды. Мырыш құрамы 1,05 ШЖШ деңгейінде болды.

Әйтиев-Евразия автомагистралі ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

## 7.9 Батыс Қазақстан облысының радиациялық гамма-фоны

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 2 метеорологиялық стансада (Орал, Тайпақ) және Орал қаласының (№2, №3 ЛББ), Ақсай (№4 ЛББ) Автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (7.7-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,02 – 0,20 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,10 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

### 7.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпак) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (7.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,9 – 1,3 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



7.7 – сурет. Батыс Қазақстан облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 8 Қарағанды облысының қоршаған ортажай-күйі

### 8.1 Қарағанды қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 7 стационарлық бекетте жүргізілді (8.1-сур., 8.1-кесте).

8.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 4 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	аэрологиялық станса («Городской» әуежай ауданы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3	тәулігіне 3 рет		Ленин көшесі мен Бұқар-Жырау даңғылы 1 бұрышы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, формальдегид
4			Бирюзов көшесі, 15 (жаңа Майқұдық)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
7			Ермеков көшесі, 116	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, фенол
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұқанов көшесі, 57/3	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			қалалық әкімдік (ескі әуежай ауданы)	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,
8			аурухана ауданы (Пришахтинскшағын	

			ауданы)	азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
--	--	--	---------	---



8.1-сурет. Қарағанды қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі өте жоғары болып бағаланды, СИ=15 (СИ>10 өте жоғары деңгей) (1,2-сур.) №8 бекет аумағында РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен анықталды (аурухана ауданы (Пришахтинскшағын ауданы).

\* 2017 жылғы 21, 25 қарашада, 7, 23 желтоқсанда №8 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкірт сутегі бойынша 10,3-14,9 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 10 жағдайы анықталды (2-кесте).

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа шоғырлар қалқыма бөлшектер (шан) бойынша 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер – 2,7 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, формальдегид – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектер (шан) шоғырлары - 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 14,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 8,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 3,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 5,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 8.2 Қарағанды қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Қарағанды қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – Пришахтинск ауданы) жүргізілді.

Қалқымабөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкірттісутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің шоғыры 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, фенолдыңшоғыры – 1,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады.

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.2-кесте).

8.2-кесте

Қарағанды қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	q <sub>мг/м<sup>3</sup></sub>	q <sub>м/ШЖШ</sub>
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,08	0,16
Күкірт диоксиді	0,01	0,02
Көміртегі оксиді	1,98	0,4
Азот диоксиді	0,03	0,14
Азот оксиді	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,01	1,5
Фенол	0,01	1,0
Көмір сутегі сомасы	62,2	
Аммиак	0,10	0,49
Формальдегид	0,0	0,0

## 8.3 Шахтинск қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Шахтинск қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО, Парковая мен Құсайынова көшелерінің қиылысы, №2 нүкте- Қазақстандық шахтасы, 3-құрылыс тұйық көшесі және Гагарин көшесімен қиылысады) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, аммиактың, фенолдың және формальдегидтің шоғырлары өлшенді.

Күкіртті сутегінің шоғыры №1 нүктеде 1,25ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол-1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді - 1,0 ПДК<sub>м.б.</sub>, №2 нүктеде күкіртті сутегі – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub> фенол – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады;

Бақылау деректері бойынша қалған анықталатын заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.3-кесте).



**Шахтинск қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры**

Анықталатын қоспалар	№1		№2	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,07	0,14	0,06	0,12
Күкірт диоксиді	0,02	0,04	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	1,49	0,3	1,64	0,33
Азот диоксиді	0,20	1,0	0,03	0,16
Азот оксиді	0,03	0,06	0,03	0,07
Күкіртті сутегі	0,01	1,25	0,01	1,6
Фенол	0,02	1,50	0,01	1,2
Көмір сутегі сомасы	58,0		61,0	
Аммиак	0,10	0,49	0,09	0,46
Формальдегид	0,0	0,0	0,0	0,0

#### 8.4 Балқаш қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.2-сур., 8.4-кесте).

**Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар**

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар	
				қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, мырыш
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сәбитов ш-а (№ 6 ОМ маңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді	кадмий, мыс, күшән, қорғасын, мырыш
3			Ленин мен Әлімжанов көшелерінің бұрышы		
4			Киров көшесі (аурухана қалашығы)		
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, аммиак, метан	



8.2-сурет. Балқаш қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *өте жоғары* болып бағаланды, СИ=11 (өте жоғары деңгей) (1,2-сур.) №2-бекет аумағында күкіртті сутегімен анықталды (Ленин көшесі, 10 үйден оңтүстікке қарай).

\* 2017 жылғы 19 қазанда №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкірт сутегі бойынша 11,2 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 1 жағдайы тіркелді (2-кесте).

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, қорғасын – 2,5 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ауыр металдардың және ластаушы заттар концентрациясы ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары – 5,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 4,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 3,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 11,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 8.5 Балқаш қаласының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Балқаш қаласында атмосфералық ауаның ластануына бақылау 2 нүктеде (№1 нүкте – 17 орамы, "Фудмарт" дүкені ауданы; №2 нүкте – Рабочий кенті, Жезқазған көш., «Ұшақ» ескерткіші ауданы; №3 нүкте – «Балқаш-1» станциясы) жүргізілді.



Қалқыма бөлшектерінің (шаң), аммиактың, бензолдың, азот диоксидінің, азот оксидінің, көміртегі оксидінің, көміртегі диоксидінің, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының, озонның, хлор сутегінің шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (8.5-кесте).

8.5-кесте

Балқаш қаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1		№2		№3	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Аммиак	0,01	0,025	0,01	0,03	0,01	0,035
Бензол	0,03	0,10	0,02	0,07	0,03	0,10
Қалқыма бөлшектері (шаң)	0,04	0,08	0,004	0,008	0,04	0,08
Азот диоксиді	0,004	0,020	0,003	0,015	0,002	0,010
Азот оксиді	0,003	0,008	0,004	0,010	0,004	0,010
Көміртегі оксиді	3,78	0,76	2,5	0,50	3,01	0,60
Көміртегідиоксиді	891		794		815	
Күкіртті сутегі	0,001	0,11	0,001	0,088	0,0003	0,038
Көмір сутегі сомасы	16,2		14,2		12,5	
Озон	0,005	0,031	0,01	0,031	0,005	0,031
Хлор сутегі	0,004	0,02	0,01	0,04	0,01	0,05

## 8.6 Жезқазған қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (8.3-сур., 8.6-кесте).

8.6- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Сарыарқа көшесі, тоқыма фабрикасының ауданы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
3			Жастар көшесі, 6 (Металлургтар алаңы)	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	М.Жамиля көшесі, 4а/1	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,

				көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак
--	--	--	--	--



8.3-сурет. Жезқазған қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі жоғары болып бағаланды, ЕЖҚ=35%, СИ=6 (1,2-сур.) № 3-бекеттің аумағында фенолмен (Жастар көшесі, 6(Металлургтар алаңы) және № 1-бекеттің аумағында(М.Жамиля көшесі, 4а/1) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

Орташа қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары – 2,3 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, азот диоксиді –1,4 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, озон (жербеті) –1,2 ШЖШ<sub>0.т.</sub>, фенол–2,8 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары – 4,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 6,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 4,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді –4,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді –1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді –2,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі– 5,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол–4,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


## 8.7 Саран қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (8.4-сур., 8.7-кесте).

8.7- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Саран көшесі, 28а, орталық аурухана аумағында	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



8.4-сурет. Саран қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.4 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 және ЕЖҚ=1% (1,2-сур.) PM-2,5 және PM-10 қалқыма бөлшектерімен анықталды.

Максималды-бірлік PM-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


## 8.8 Теміртау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (8.5-сур., 8.8-кесте).

8.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Дмитров көшесі,212 және Степан Рамзин көшесі	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, фенол, аммиак
4			6-шағынаудан Амангелді/ Теміртаукөшелері	
5			3 «а» шағынауданы (құтқару стансасының ауданы)	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Фурманов көшесі, 5	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак, формальдегид,көмір сутегісінің сомасы,метан



8.5-сурет. Теміртау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (8.5-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі өте жоғарыболып бағаланды, СИ=11 (СИ>10 өте

жоғары) (1,2-сур.) № 2-бекет аумағында (Фурманов көшесі, 5) күкіртті сутегімен анықталды.

\* 2017 жылғы 12 желтоқсанда №2 автоматты бекеттің бақылау мәліметі бойынша күкірт сутегі бойынша 11,2 ШЖШ атмосфералық ауаның жоғары ластану (ЖЛ) 1 жағдайы анықталды (2-кесте).

\* БҚ 52.04.667-2005 сәйкес, СИ>10 болса, ең болмаса біреу бақылау мерзімінен СИ 10-нан көп болған кезде, ЕЖҚ орнына күндер саны анықталады.

Орташа қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары – 1,8 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, күкірт диоксиді – 1,0 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, фенол – 2,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, аммиак – 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша – 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 8,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 2,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 11,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 4,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

## 8.9 Қарағанды облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қарағанды облысындағы жерүсті суларының ластануын бақылау 15 су нысанында жүргізілді: Нұра, Шерубайнұра, Соқыр, Кокпекті, Қара Кеңгір өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Ертіс-Қарағанды су арнасы, ағынды су арнасы, Қорғалжын қорығының көлдері: Шолақ, Есей, Сұланкелді, Кокай, Нұра-Есіл арнасы, Балқаш.

Нұра өзені Керегетас тауларынан бастау алып, үлкен Теңіз көлімен қосылып жатқан Қорғалжын көлдері жүйесіне құяды. Өзен бастауын Қарағанды облысы аумағынан алып, Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенінде Самарқан суқоймасы орналасқан. Қара Кеңгір өзені – Сарысу өзенінің оң жақ саласы. Кеңгір суқоймасы Қара Кеңгір өзенінде орналасқан.

**Нұра** өзені: су температурасы 0,1 – 10,6°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,01 судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,02 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,17 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 2,4 ШЖШ, магний – 1,1 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ, жалпы темір - 2,3 ШЖШ, фториттер – 1,4 ШЖШ) ауыр металдар (марганец (2+) – 4,4 ШЖШ, мыс (2+) – 2,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,9 ШЖШ), органикалық заттар (фенол - 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00005 мг/дм<sup>3</sup>, ең үлкен концентрациясы – 0,00017 мг/дм<sup>3</sup>.

**Самарқан** су қоймасында су температурасы 0,1-6,4°C шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 7,96, судағы еріген оттегі концентрациясы 8,37 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,90 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір - 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,1 ШЖШ, мыс (2+) – 2,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,4 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00001 мг/дм<sup>3</sup>, ең үлкен концентрациясы – 0,00003 мг/дм<sup>3</sup>.



«Арселор Миттал Темир-Тау» АҚ және «ТЭМК» АҚ ағынды сулар арнасында су температурасы 3,6 – 16,3 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,53, судағы еріген оттегі концентрациясы – 7,75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,28 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,1 ШЖШ, магний – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 3,4 ШЖШ, нитритті азот – 3,6 ШЖШ, нитратты азот - 1,1 ШЖШ), ауыр металлдар (марганец (2+) – 6,2 ШЖШ, мыс (2+) – 3,3 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,3 ШЖШ), бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00011 мг/дм<sup>3</sup>, ең үлкен шамасы – 0,00015 мг/дм<sup>3</sup> құраған.

**Соқыр** өзені суының температурасы 0,1 – 4,2, сутегі көрсеткіші 7,80, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,09 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,67 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,5 ШЖШ, магний – 1,4 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 18,7 ШЖШ, нитритті азот – 24,6 ШЖШ, нитратты азот – 2,1 ШЖШ), ауыр металлдар (марганец (2+) – 5,6 ШЖШ, мыс (2+) – 4,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,1 ШЖШ), органикалық заттар (фенол - 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың орташа концентрациясы 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> болды.

**Шерубайнұра** өзені: су температурасы 0,2 – 3,8°С шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,61, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,25 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 2,37 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,9 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 20,6 ШЖШ, нитритті азот – 27,8 ШЖШ, нитратты азот – 2,4 ШЖШ, фториттер – 1,6 ШЖШ, жалпы темір – 1,8 ШЖШ), ауыр металлдар (марганец (2+) – 6,1 ШЖШ, мыс (2+) – 5,0 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,4 ШЖШ), органикалық заттар (фенол - 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> құрады.

**Көкпекті өзені:** су температурасы 6,6 °С, сутегі көрсеткіші – 6,77, судағы еріген оттегі концентрациясы – 8,00 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 1,74 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (хлоридтер – 1,8 ШЖШ, сульфаттар – 1,7 ШЖШ, магний – 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,2 ШЖШ), ауыр металлдар (марганец (2+) – 4,9 ШЖШ, мыс (2+) – 2,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Кеңгір** су қоймасыда су температурасы 1,8 – 13,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,85, судағы еріген оттегі концентрациясы – 10,36 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 0,90 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір - 2,1 ШЖШ), ауыр металлдар (мыс (2+) – 5,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,4 ШЖШ, марганец (2+) – 3,5 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері 0,00001 мг/дм<sup>3</sup> аз болды.

**Қара Кеңгір** өзенінде су температурасы 2,4 – 11,2 °С шегінде, сутегі көрсеткіші 7,42, судағы еріген оттегі концентрациясы 6,49 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> – 5,54 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар – 3,5 ШЖШ, магний – 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 25,7 ШЖШ, жалпы темір – 2,6 ШЖШ), ауыр металлдар (марганец (2+) – 7,4 ШЖШ, мыс (2+) – 6,6 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6

ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Шолақ көлінде:** су температурасы  $8,6 \text{ }^\circ\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,20, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $7,13 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $1,56 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (сульфаттар – 2,1 ШЖШ, магний – 2,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,0 ШЖШ, мыс (2+) – 3,7 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Есей көлінде:** су температурасы  $9,2^\circ\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,16, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $7,66 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $1,74 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (хлоридтер – 1,8 ШЖШ, сульфаттар – 5,3 ШЖШ, магний – 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 4,5 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,8 ШЖШ, мырыш (2+) – 2,7 ШЖШ, мыс (2+) – 2,7 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Сұлтанкелді көлінде:** су температурасы  $8,4^\circ\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,05, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $7,27 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $1,22 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (хлоридтер – 1,3 ШЖШ, сульфаттар – 4,6 ШЖШ, магний – 1,6 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,2 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ, мыс (2+) – 1,8 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Кокай көлінде:** су температурасы  $8,5^\circ\text{C}$ , сутегі көрсеткіші – 8,10, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $8,53 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,61 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (хлоридтер – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 2,3 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 1,5 ШЖШ, мыс (2+) – 2,5 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,6 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Нұра-Есіл арнасы** суының температурасы  $7,9 - 8,2 \text{ }^\circ\text{C}$  шегінде, сутегі көрсеткіші – 8,06, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $8,17 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,70 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (сульфаттар – 1,9 ШЖШ, магний – 1,3 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний – 1,4 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 3,9 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,8 ШЖШ, мыс (2+) – 3,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Ертіс-Қарағанды арнасы:** су температурасы  $5,6 - 5,8 \text{ }^\circ\text{C}$  шегінде, сутегі көрсеткіші – 7,36, судағы еріген оттегі концентрациясы –  $8,61 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $2,17 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (сульфаттар – 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір – 2,2 ШЖШ), ауыр металдар (марганец (2+) – 2,8 ШЖШ, мыс (2+) – 2,1 ШЖШ, мырыш (2+) – 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды. Жалпы сынаптың мөлшері  $0,00001 \text{ мг/дм}^3$  аз болды.

**Балқашкөлінің** су температурасы  $5,9 - 10^\circ\text{C}$  шегінде белгіленген, сутегі көрсеткіші 8,46, суда еріген оттегі концентрациясы –  $8,05 \text{ мг/дм}^3$ ,  $\text{OBT}_5$  –  $1,99 \text{ мг/дм}^3$ . Негізгі иондар (сульфаттар – 6,9 ШЖШ, магний – 2,6 ШЖШ), биогенді

және бейорганикалық заттар (фториды – 3,1 ШЖШ), ауыр металдар (мыс – 8,4 ШЖШ, мырыш – 2,8 ШЖШ), органикалық заттар (мұнай өнімдері – 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Қарағанды облысы жер үсті суларының су сапасы 2017 жылдың 4 тоқсанында келесі түрде бағаланады:

«ластанудың орташа деңгейіндегі» су – Нұра, Көкпекті өзендері, Самарқан, Кеңгір су қоймалары, ағынды сулар арнасы, Сұлтанкелді, Қоқай көлдері және Нұра-Есіл, Ертіс-Қарағанды арнасы;

«ластанудың жоғары деңгейіндегі» су – Соқыр, Шерубайнұра, Қара Кеңгір өзендері, Шолак, Есей, Балкаш көлдері.


2016 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда Көкпекті өзенде, Сұлтанкелді, Қоқай көлдерінде және Нұра-Есіл арығында су сапасы жақсарған, қалған су нысанында су сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

2017 жылғы 4 тоқсанында ОБТ<sub>5</sub> шамасы бойынша Қара Кеңгір өзені «ластанудың орташа деңгейінде», қалған су нысандарда су сапасы «нормативті таза» су деп бағаланды.

2016 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда, ОБТ<sub>5</sub> бойынша су сапасы Қара Кеңгір су қоймасында жақсарды, қалған су нысандарда айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты.

Облыс аумағында келесі ЖЛ жағдайлары тіркелді: Соқыр өзені – 7 ЖЛ, Шерубайнұра өзені – 8 ЖЛ жағдайы, Қара Кеңгір өзені - 2 ЖЛ жағдайы және 8 ЖЛ жағдайы(5-кесте).




8.7 сур.Қарағанды облысы жер үсті суы сапасының сипаттамасы





8.8 сур. Қорғалжын көлдері жер үсті сулары сапасының сипаттамасы



8.9 сур. Балқаш көлі жер үсті суы сапасының сипаттамасы

### 8.10 Қарағанды облысының гидробиологиялық көрсеткіштері бойынша жер үсті суларының сапасы

**Нұра өзені.** 4-тоқсанның есептегі кезеңінде диатомды және жасыл балдырлар басым болып, жалпы биомассаның 94% құрады. Көк-жасыл балдырлар мен басқа балдыр түрлері 6% ғана жалпы биомассаны құруға қатысты. Альгофлораның жалпы саны 0,41 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,264 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Түр саны - 18. Орташа сапроб индексі 1,80, яғни үшінші класқа сәйкес "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон 4-тоқсанда орташа дамыды. Су сынамасындағы орташа түр саны 3-ден кездесті. Ескекаяқты шаяндар басым болып, жалпы планктон санының 59% құрады. Соның ішінде *Eucyclops serrulatus* басымдылық танытты.

Талшықмұрты шаяндар 30%, домалақ құрттар 11% зоопланктонның жалпы биомассасын құруға қатысты. Жалпы орташа саны 1,25 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 12,47 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индексі 1,55 – 2,13 аралығында болып, өзен бойынша орташа сан 1,86 құрады. Зоопланктон жағдайына байланысты, су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Нұра өзеніндегі перифитон түрлік құрамы әртүрлі болды. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis*, *Diatoma vulgare*, *Nitzschia sigmoidea*, *Synedra ulna* жиірек кездесіп, су сынамасында кездесу жиілігі 5-7-9 көрсетті. Жасыл балдырлардан - *Coelastrum microporum*, *Spirogira porticalis*, *Scenedesmus acutus*, ал көк-жасыл балдырлардан - *Gloeocapsa sanguinea*, *Gomphosphaeria pusilla*, *Merismopedia tenuissima* түрлері басымдылық көрсетті. Зерттеу нәтижесіне сәйкес ластанған аймақтарға Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1км төмен..." (1,98) және "Садовое" бөлімшесі (2,06) тұстамалары жатады. Сапроб индексі 1,68-2,06 аралығында болды. Орташа сапроб индексі 1,91 көрсетті. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Нұра өзенінің 4-тоқсанында зообентос шаянтәрізділерден (Crustacea) - *Gammarus pulex* ( $\chi$ - $\beta$ -0,65), жәндік дернәсілдерінен (Hemiptera)-*Corixa* sp. ( $\alpha$ - $\beta$ -1,85), бауыраяқтылардан (Gastropoda) және қосжақтаулы ұлулардан (*Bivalvia*) құралды. Ұлулардың ішінен *Lymnaea auricularia* ( $\beta$ -2,15), *Lymnaea ovata* ( $\alpha$ - $\alpha$ -2,15), *Pisidium casertanum* ( $\alpha$ -1,15), *Pisidium obtusale* ( $\alpha$ -1,2), *Sphaerium corneum* ( $\beta$ - $\alpha$ -2,4), *Sphaerium solidum* түрлері басымдылық танытты. Биотикалық индекс 5 тең болды. Түпкі фауна зообентос жағдайына байланысты, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу зерттеулеріне сәйкес Нұра өзенінің Теміртау қаласы, "бірлескен ағынды сулар шығарылымынан 1 км төмен..." және Ақмешіт ауылы тұстамаларында тест-көрсеткіштерінің (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) шамалы 1%-ға төмендегені байқалды. Қалған бақылау нүктелерінде тест-нысанның 100% тірі қалғандығын көреміз. Алынған мәліметтерге сәйкес Нұра өзені суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

**Шерубайнұра өзені.** Зерттеу нәжилеріне сәйкес фитоплантон диатомды және жасыл балдырлардан құралды. Барлық көрсеткіштер бойынша жасыл балдырлар басымдылық көрсетті. Жалпы саны 0,56 мың дана/м<sup>3</sup>, жалпы биомассасы – 0,323 мг/дм<sup>3</sup>. Су сынамасындағы түрлер саны – 15. Сапроб индексі - 1,85. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі зерттелген су сынамасында тұрақты дамыды. Су сынамасында зоопланктонның барлық топтары бірдей пайыздық мөлшерде кездесті. Жалпы саны 0,75 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 3,09 мг/м<sup>3</sup> құрады. Сапроб индекс 1,97. Зоопланктон жағдайына байланысты су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл, эвгленалы балдырлардан және кірпікшелі инфузориялардан құралды. Диатомды балдырлардан *Cyclotella meneghiniana*, *Gyrosigma acuminatum*, *Navicula rhynchocephala*, *Stephanodiscus hantzschii*; жасыл балдырлардан - *Closterium*, *Pediastrum*, *Scenedesmus*,

эвгленалылардан - *Euglena spirogyra*, кірпікшелі инфузориялардан-*Hemiophrus pleurosigma* және *Stylonychis muscorum* басымдылық көрсетті. Кездесу жиілігі 1-3-5 тең болды. Сапроб индексі 2,22. Су сапасының класы – үшінші класқа сәйкес болды.

Өткір уыттылықты анықтау үрдісі кезінде тест-көрсеткіш (өлген дафниялардың бақылауға қатынасы бойынша пайызы) өзен бойынша 0% тең болды. Уытты әсері анықталған жоқ.

**Қара Кеңгір өзені.** Фитопланктонда диатомды және жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлар 81% көрсетіп, жалпы биомассаны құруға қатысты. Жалпы саны 0,24 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,084 мг/дм<sup>3</sup> көрсетті. Сынамадағы түрлер саны – 9. Өзен бойынша орташа сапроб индексі – 1,81, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктон санының 46% көрсетті. Ал талшықмұртты шаяндар - 40%, ал домалақ құрттар жалпы зоопланктон санының 14% құрады. Сынамадағы орташа түр саны 4 көрсетті. Орташа жалпы саны 1,26 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 15,56 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі – 1,78, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу кезінде тест-көрсеткіш төмендегідей нәтиже көрсетті: Жезқазған қаласы, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,2 км жоғары"-0%, Жезқазған қаласы, «Қазақмыс» корпорациясы кәсіпорны "ағынды сулар шығарылымынан 0,5 км төмен"-14,3%, Жезқазған қаласы, "ағынды сулар шығарылымынан 5,5 км төмен" - 10%. Алынған мәліметтерге сәйкес, өзен суы тест-нысанға уытты әсер етпейді.

**Самарқан су қоймасы.** Фитопланктон жақсы дамыды. Саны мен биомассасы жағынан жасыл балдырлар басымдылық көрсетті (56%). Жалпы саны 0,34 мың кл/см<sup>3</sup>, биомассасы 0,27 мг/дм<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,81, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон орташа дамыды. Оның негізін ескекаяқты шаяндар құрап, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы орташа саны 1,0 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 15,5 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,68, яғни, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Перифитон негізін диатомды, жасыл, көк-жасыл және эвгленалы балдырлар құрады. Диатомды балдырлардан *Amphora ovalis*, *Cymbella lanceolata*, *Gyrosigma acuminatum*, *Navicula gracilis*, *Nitzschia acicularis*, ал жасыл балдырлардан - *Pediastrum*, *Scenedesmus*, көк-жасыл балдырлардан - *Gloeocapsa sanguinea*, *Gomphosphaeria pusilla*, *Oscillatoria limnetica* мен *Oscillatoria subtilissima*, эвгленалылардан - *Euglena spirogyra* түрлері басымдылық көрсетті. Шкала бойынша кездесу жиілігі 1-2. Сапроб индексі 1,93, су класы – үшінші.

Зообентос қосжақтаулы ұлулардан (*Bivalvia*): *Pisidium casertanum* (о-1,15), *Sphaerium corneum* (β-α-2,4) мен *Sphaerium solidum* құралды. Биотикалық индекс 5-ке тең. Түпкі фауна, зообентос көрсеткіші бойынша "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Су қоймадағы суға биотестілеу кезінде тірі қалған дафниялардың саны бақылауға қатынасы бойынша 100% құрады. Тест – көрсеткіш 0% тең. Зерттелген су нысаны *Daphnia magna* уытты әсер етпейді.

**Кенгір су қоймасы.** Фитопланктонда диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар кездесті. Жасыл балдырлар басымдылық танытты. Жалпы саны орташа 0,21 мың кл/см<sup>3</sup>, ал биомасса 0,175 мг/дм<sup>3</sup> болды. Сапроб индексі 1,70. Су класы – 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сынамасы жақсы дамыды. Талшықмұртты шаяндар басымдылық танытып, жалпы зоопланктонның 60% көрсетті. Ескеаяқты шаяндардың пайыздық мөлшері 40% тең болды. Домалақ құрттар кездеспеді. Орташа саны 1,25 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 16,0 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,70, су класы – үшінші, яғни "орташа ластанған".

Зерттелген су нысанында тірі қалған дафниялар саны 100% құрады. Су қоймадағы биотестілеу нәтижесіне сәйкес зерттелген су тест-нысанға уытты әсер етпейді. Тест – көрсеткіш 0% тең.

**Қорғалжын көлдері. Шолақ көлі.** Фитопланктон сынамасы жақсы дамыды. Диатомды және жасыл балдырлар кездесті. Сан мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым болды. Жалпы орташа саны 0,19 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,16 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,87, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Ескекаяқты шаяндар басым болып, 100% зоопланктонның жалпы санын құрады. Жалпы саны 0,63 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 10,38 мг/м<sup>3</sup>. Олигобета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,74.

Перифитонда диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар кездесті. Диатомды балдырдан *Cocconeis placentula*, *Navicula gracilis*, *Nitzschia longissima*, жасыл балдыр ішінен: *Ankistrodesmus falcatus*, *Scenedesmus acuminatus*, *Tetraedron caudatum*, көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa sanguinea*, *Microcystis marginata* мен *Oscillatoria brevis* кездесті. Кездесу жиілігі 7-9. Сапроб индексі 1,78. Су класы – үшінші, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентос фаунасы қосжақтаулы және бауыраяқты ұлулардан құралды. Сынамада қосжақтаулы ұлулардан *Margaritana margaritifera* (о-0,9) көптеп кездесті. Бауыраяқты ұлулардан: *Hippeutis (Planorbis) complanata*, *Pisidium casertanum* (о-1,15), *Sphaerium corneum* (β-α-2,4), *Lymnaea auricularia* (β-2,15) және *Lymnaea stagnalis* (β-1,85) түрлері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5 көрсетті. Су класы – 3, зерттелген аймақ "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Есей көлі.** Фитопланктон жақсы дамыды. Жасыл балдырлар басым кездесті. Олар жалпы биомассаның 60% құрады. Альгофлораның жалпы саны 0,29 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,234 мг/м<sup>3</sup>. Орташа сапроб индексі 1,88, яғни, 3 класс, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон сан жағынан жақсы дамыды. қалыпты дамыды. Түр құрамы талшық мұрттылардан (54%) және ескекаяқтылардан (46%) құралды. Жалпы

саны 11,75 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 143,0 мг/м<sup>3</sup>. Бұл көрсеткіш былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жоғары. Бета-мезасапробты организмдер басым болды. Сапроб индексі 1,70. Су сапасы "орташа ластанған".

Перифитон диатомды балдырлардың *Cymatopleura*, *Cymbella*, *Navicula*, *Rhopalodia* түрлерінен құралды. Басқа топ балдырларының кездесу жиілігі 1-2 құрады. Орташа сапроб индексі 1,79, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасы.

Есей өзенінің бентос құрамы тек бауыраяқты ұлулармен ұсынылды (*Gastropoda*). Соның ішінен: *Lymnaea auricularia*, *L.ovata*, *L.stagnalis*, *L.truncatula*, *Planorbis vortex* және *Planorbis planorbis* сияқты түрлері басымдылық танытты. Су айдынының биотикалық индексі 5-ті құрады. Су класы – 3, яғни "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Сұлтанкелді көлі.** Фитопланктонда диатомды және жасыл балдырлар кездесті. Саны мен биомасса жағынан диатомды балдырлар басым түсті. Орташа жалпы саны 0,33 мың дана/м<sup>3</sup>, ал биомассасы 0,184 мг/м<sup>3</sup>. Сынамадағы түрлер саны – 16. Сапроб индексі 1,71. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы "орташа ластанған".

Есептегі айда зоопланктон бірлестігі орташа дамыған. Су сынамасында ескекаяқтылар мен талшықмұрттылар бірдей пайыздық мөлшерде кездесті. Ал домалақ құрттар жалпы планктон санының тек 4% құрады. Сынамадағы орташа түр саны – 5. Зоопланктон саны 2,63 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 29,05 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,62 - 1,64 аралығында болып, орташа сапроб индексі 1,64 көрсетті. Жалпы көл бойынша су сапасы "орташа ластанған" , 3 класты көрсетті.

Альгоценоз негізін диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлар құрады. Диатомды балдырлардан *Caloneis amphisbaena*, *Diatoma elongatum*, *Surirella spiralis* және тағы басқалары, жасыл балдырлардан: *Chlorella vulgaris*, *Pediastrum boryanum*, *Scenedesmus bijugatus* және *Scenedesmus quadricauda*. Сонымен қатар су сынамасында талшықтылар класының өкілі (*Flagellata arochromatica*)-*Astania linearis* және кірпікшелі инфузория класынан (*Ciliata*) – *Climatomum virens* кездесті. Сапроб индексі 1,79, яғни, 3 класс "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентос бауыр аяқты ұлулардан (*Gastropoda*): *Bythinia leachi*, *Lymnaea pereger*, *L. stagnalis*, *L. truncatula*, *Planorbisplanorbis* құралды. Биотикалық индекс бойынша зерттелген аймақта "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Кокай көлі.** Фитопланктон жақсы дамыған. Диатомды және жасыл балдырлар басым болды (96%). Қөк-жасыл балдырлар шамалы мөлшерде кездесті. Жалпы орташа саны 0,28 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,116 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сынамадағы түр саны- 15. Сапроб индексі 1,65. Су класы – үшінші, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зоопланктон бірлестігі қалыпты дамыды. Су сынамасында ескекаяқтылар 67,5%, талшық мұртты шаяндар 32,5% кездесіп, жалпы зоопланктон санын құрады. Бұл кезеңде орташа саны 2,25 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 36,25 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,71 құрап, су сапасы үшінші класқа сәйкес болды.

Перифитон бірлестігі диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Диатомды балдырлардан *Cumatopleura solea*, *Melozira varians*, *Rhopalodia gibba*, жасыл балдырлардан: *Cosmarium formulosum*, *Pediastrum duplex*, *Scenedesmus quadricauda*, көк-жасыл балдырлардан: *Gloeocapsa sanguinea*, *Gomphosphaeria pusilla*, *Microcystis marginata* басым кездесті. Сапроб индексі 1,70. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Зообентосты зерттеу кезеңінде жәндік дернәсілдері (Hemiptera)-*Corixa* sp.( $\alpha$ -1,85) және бауыраяқты ұлулардан (Gastropoda) *Lymnaeidae* тұқымдасының (тоспа ұлу): *Lymnaea auricularia* ( $\beta$ -2,15), *L. ovata* ( $\alpha$ -2,15), *L. pereger* ( $\alpha$ -2,05), *L. stagnalis* ( $\beta$ -1,85) түрлері кездесті. Вудивиссу бойынша биотикалық индекс – 5-ке тең. Су класы – 3, яғни, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

**Балқаш көлі.** Фитопланктон жақсы дамыды. Диатомды, жасыл және көк-жасыл балдырлардан құралды. Сынамадағы түр саны – 6. Альгофлора биомассасының 93% диатомды балдырлардан құралды. Жалпы саны 0,067 мың кл/см<sup>3</sup>, жалпы биомассасы 0,035 мг/дм<sup>3</sup> тең болды. Сапроб индексі 1,71 құрады. Фитопланктон жағдайына байланысты су сапасы "орташа ластанған".

Зоопланктон зерттелген аймақта тұрақты дамыды. Ескеаяқты шаяндар басымдылық танытып, жалпы планктон санының 97,5% құрады. Талшықмұртылар 2,5% кездесті. Домалақ құрттар су сынамасында кездеспеді. Орташа саны 1,11 мың дана/м<sup>3</sup>, биомассасы 19,12 мг/м<sup>3</sup>. Сапроб индексі 1,64 – 1,78 аралығында болып, өзен бойынша 1,71 құрады. Су класы - 3, "орташа ластанған" су сапасын көрсетті.

Биотестілеу нәтижелеріне сәйкес, Балқаш көлінің тест-көрсеткіші тұстамалардың орналасу реті бойынша анықталынды: "Оңтүстік бөлік, Іле өзенінің сағасынан 22 км" - 3%,

"Оңтүстік бөлік, мыса Қарағаштың солтүстік жағалауынан 15,5 км" - 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 8,0 км - 0%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 20,0 км – 1,5%, Балқаш қаласы, А 175° ОГП-ның солтүстік жағалауынан 38,5 км – 3,5%, Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 0,7 км - 0%, Тараңғалық шығанағы, А 130° қалдыққойманың солтүстік жағалауынан 2,5 км – 1,5%, бұқта Бертыс, А 210° Зеленый аралынан 6,5 км – 8,5%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,2 км – 1,5%, бұқта Бертыс, А 107° ТЭЦ б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 3,1 км – 1,5%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 1,0 км - 0%, Сарышаған шығанағы, А 128°АО "Балқашбалық" б.а.с.шығ/ның батыс жағалауынан 2,3 км - 0%, Ұзынарал бұғазы, Сары-Есік түбегінің солтүстігі - 0%, Алғазы аралы, Қоржын аралының солтүстігі - 0%, С - Ш бөлігі, Қаратал өзенінің сағасы - 0%. Алынған мәліметтерге сәйкес су тест-нысанға уытты әсер етпейді(8, 8.1-қосымшалар).

## 8.11 2017 жылдың күз мезгіліндегі Қарағанды облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

**Балқаш қаласының** түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамалары құрамында мырыш—135,6 - 331,4 мг/кг, хром – 0,13 - 6,6 мг/кг, қорғасын – 269,5 - 828,4 мг/кг, мыс— 33,5 – 122,3мг/кг, кадмий – 2,6 - 18,0 мг/кг шамасында болды.

ЖЭС ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 27,9 ШЖШ, қорғасын – 13,8 ШЖШ,мырыш – 7,7 ШЖШ артуы анықталды.

Балқаш тау кен металлургиясы(БТКМ) ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 40,8 ШЖШ, қорғасын – 25,9 ШЖШ, мырыш— 14,4 ШЖШ артуы анықталды.

БТКМ ауруханасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 32,3 ШЖШ, қорғасын – 15,9 ШЖШ, мырыш – 8,9 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин және Әлімжанов көшелері қиылысы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 11,2 ШЖШ, қорғасын – 13,3 ШЖШ, мырыш – 7,4 ШЖШ артуы анықталды.

Саябақ аумағы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 22,1 ШЖШ, қорғасын – 8,4 ШЖШ, мырыш – 5,9 ШЖШ артуы анықталды.

**Жезқазған қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,43 - 2,15 мг/кг,мырыш – 40,3 - 197,2 мг/кг, қорғасын – 54,1 - 141,5 мг/кг, мыс— 10,7 - 32,4 мг/кг, кадмий – 1,36 - 3,12 мг/кг шамасында болды.

№3 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша – 3,6 ШЖШ, қорғасын – 4,4 ШЖШ, мырыш – 3,2 ШЖШ артуы анықталды.

Кеңгір су сақтау қоймасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 8,4 ШЖШ, мырыш –5,1 ШЖШ, қорғасын –1,7 ШЖШ артуы анықталды.

ЖЭС аумағынан 1 км ары орналасқан санитарлы қорғау аймағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша2,6 ШЖШ, мыс –7,2 ШЖШ, мырыш— 1,8 ШЖШ артуы анықталды.

«Жезқазған мыс қорыту зауыты» санитарлы қорғау аймағы шекарасындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 5,2 ШЖШ, мырыш – 2,8 ШЖШ, қорғасын – 3,0 ШЖШ артуы анықталды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 10,8 ШЖШ, қорғасын –3,3 ШЖШ,мырыш—8,6 ШЖШ артуы анықталды.

Хром шоғыры жол берілген норма шамасындаболды.

**Қарағанды қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында мыс құрамы1,7 - 4,62 мг/кг, хром – 0,13 - 0,68 мг/кг,мырыш – 12,1 - 26,3 мг/кг, қорғасын – 13,8 - 33,6 мг/кг, кадмий – 0,1 - 0,21 мг/кгшамасындаболды.

№101 мектеп ауданындағы («Гүлдер» мөлтекауданы) топырақ сынамасында мырыш пен қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауыты ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Октябрь ауданындағы ЖЭС-3 ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,5 ШЖШ, мырыш – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Қарағаны және Теміртау қалалары автокөлік трассасы және «Субурханская» Орталық байыту фабрикасы ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғырлары норма шамасында болды.

**Теміртау қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром құрамы 0,25 - 0,84 мг/кг, мыс – 0,31 - 2,72 мг/кг, мырыш – 13,7 - 27,6 мг/кг, қорғасын – 22,3 - 48,6 мг/кг, кадмий – 0,16 - 0,53 мг/кг шамасында болды.

Автобекет ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,5 ШЖШ артуы анықталды.

№11 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында мырыш бойынша 1,2 ШЖШ артуы анықталды. Қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Автомагистраль ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,4 ШЖШ артуы анықталды.

Нан зауыты ауданында қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

ЖЭС-2 ауданында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

## **8.12 Қарағанды облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күн сайын жергілікті 5 метеорологиялық стансада (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Керней, Родниковский ауылы) және Қарағанды қаласының (№5 ЛББ), Теміртау қаласының (№2 ЛББ) автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (8.10-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,09 – 0,23 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,14 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

## **8.13 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау облыс аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (8.10-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.





8.10 – сурет. Қарағанды облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 9 Қостанай облысының қоршаған ортажай-күйі

### 9.1 Қостанай қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (9.1-сур., 9.1-кесте).

9.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне	қол күшімен алынған	Қайырбеков көшесі, 379; тұрғын ауданы	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
3	3 рет	сынама(дискретті әдіс)	Дошанов көшесі, 43, қала орталығы	
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бородина көшесі	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді

4			Маяков көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, көмірсутегісініңсомасы, метан
---	--	--	---------------	--



9.1-сурет. Қостанай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=3 және ЕЖҚ=1% (1,2-сур.) азот оксидімен № 4-бекет аумағында (Маяков көшесі) және көміртегі оксидімен № 3-бекет аумағында (Доцанов көшесі, 43, қала орталығы) анықталды.

Барлық ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік көміртегі оксиді шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


## 9.2 Рудный қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.2-сур., 9.2-кесте).

9.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Молодая Гвардия көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
6			мешіттің маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді



9.2-сурет. Рудный қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1және ЕЖҚ=0% (төмен) анықталды(1,2-сур.).

Барлық ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырларыШЖШ-дан аспады.




### 9.3 Қарабалық кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (9.3-сур., 9.3-кесте).

9.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
13	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Гагарин көшесі, 40 «А»	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, аммиак



9.3-сурет. Қарабалық кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.3-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=3 күкіртті сутегімен және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Барлық ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


#### 9.4 Арқалық қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.4-сур., 9.4-кесте).

9.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
11	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	АТЭК аймағында	РМ-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
12			Арқалық М аймағында	



9.4-сурет. Арқалық қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.4-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпы

ластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=1% (1,2-сур.) көміртегі оксидімен № 11,12-бекеттер аумағында (АТЭК аймағында мен Арқалық М аймағында) анықталды.

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-10 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 3,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

### 9.5 Арқалық қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Арқалық қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, көмір сутектер сомасының, озонның шоғырлары өлшенді.

Азот диоксидінің шоғыры 4,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады; күкірт диоксидінің шоғыры 1,85 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады.

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.5-кесте).

9.5 –кесте

Арқалық қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері(шаң)	0,27	0,54
Күкірт диоксиді	0,93	1,85
Көміртегі оксиді	0,68	0,1
Азот диоксиді	0,94	4,7
Азот оксиді	0,00	0,00
Күкіртті сутегі	0,00	0,00
Көмірсутектер сомасы	0,0	-
Озон	0,01	0,05

### 9.6 Жітіқара қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі



## 9.7 Жітіқара қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Жітіқара қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – 2 шағын ауданы, Орталық базары ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, көмір сутектер сомасының, озонның шоғырлары өлшенді.

Күкіртдиоксидінің шоғыры 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады;

Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.7 -кесте).

9.7 –кесте

Жітіқара қаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте	
	q <sub>т</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>т</sub> /ШЖШ
Қалқыма бөлшектері(шаң)	0,04	0,09
Күкірт диоксиді	0,69	1,4
Көміртегі оксиді	0,77	0,15
Азот диоксиді	0,01	0,046
Азот оксиді	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,00	0,00
Көмірсутектер сомасы	0,00	
Озон	0,01	0,1

## 9.8 Лисаков қаласының атмосфералық ауасының ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (9.6-сур., 9.8-кесте).

9.8- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен Анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Қызылжар гидрологиялық бөгенінің салыну аймағында	PM-10 қалқыма бөлшектер, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді
8			«Лисаковсккомуннерго» МКМ аймағы, Тобыл көшесі	





9.6-сурет. Лисаков қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (9.6-сур.) кентте атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды,  $СИ=2$  (*көтеріңкі* деңгей) көміртегі оксидімен № 7,8-бекеттер аумағында (Қызылжар гидрологиялық бөгенінің салыну аймағында мен «Лисаковсккомуннерго» МКМ аймағы, Тобыл көшесі) және  $ЕЖҚ=0\%$  (*төмен* деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Орташа күкірт диоксиді шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар – ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік шоғырлары РМ-10 қалқыма бөлшектер бойынша – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірт диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

### 9.9 Лисаков қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Лисаков қаласының атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – 4 шағын ауданы, Мәдениет және спорт сарайы (Әкімдік)) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шаң), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегісінің, көмір сутектер сомасының, озонның шоғырлары өлшенді.

Күкіртдиоксидінің шоғыры 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады; азот диоксидінің шоғыры 2,92 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады.

Бақылау негіздері бойынша қалған ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады (9.9-кесте).

9.9 –кесте

Лисаковскқаласының бақылау негізі бойынша ластаушы заттардың  
максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	№1 нүкте	
	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> ПДК
Қалқыма бөлшектері(шаң)	0,05	0,10
Күкірт диоксиді	0,80	1,6
Көміртегі оксиді	0,4	0,08
Азот диоксиді	0,58	2,92
Азот оксиді	0,003	0,007
Күкіртті сутегі	0,0	0,0
Көмірсутектер сомасы	15,1	
Озон	0,002	0,013

### 9.10 Қостанай облысы аумағындағы жер үсті су сапасы

Қостанай облысының аумағында трансшекаралық өзендерде жер үсті суларының ластануын бақылау 9 су нысанында жүргізілді: Тобыл, Айет, Тоғызак, Үй, Желқуар, Обаған өзендері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары.

**Тобыл** өзенінде судың температурасы 0,1-9,0°С, сутегікөрсеткіші 7,93, суда еріген оттегінің шоғыры 10.75 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,58 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,3 ШЖШ, сульфаттар 2,3 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 2,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,3 ШЖШ, никель (2+) 7,2 ШЖШ, марганец (2+) 2,2 ШЖШ) бойынша нормадан асқандығы тіркелді.

**Әйет** өзені суының температурасы 0,1-8,8°С, сутегікөрсеткіші 7,96, суда еріген оттегінің шоғыры 11,68 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,2 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 2,2 ШЖШ, магний 1,5 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 3,0 ШЖШ, никель (2+) 7,8 ШЖШ, марганец (2+) 1,9 ШЖШ) бойынша нормадан асқандығы тіркелді.

**Тогызық** өзені суының температурасы 0,1-4,0°С, сутегікөрсеткіші 8,09, суда еріген оттегінің шоғыры 12,41 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,20 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 2,9 ШЖШ, магний 1,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 3,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+) 9,0 ШЖШ, мырыш (2+) 2,5 ШЖШ, никель

(2+) 8,8 ШЖШ, марганец (2+) 2,6 ШЖШ), органикалық заттар (мұнайөнімдері 2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асқандығы тіркелді.

**Обаған** өзені суының температурасы 5,0 °С, сутегікөрсеткіші 8,30, суда еріген оттегінің шоғыры 7,17 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,69 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 5,0 ШЖШ, сульфаттар 9,9 ШЖШ, хлоридтер 3,9 ШЖШ), биогенді заттар (тұзды аммоний 5,9 ШЖШ, жалпы темір 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)19,0 ШЖШ, марганец (2+)3,6 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

**Үй** өзені суының температурасы 4,9 °С, сутегікөрсеткіші 8,03, суда еріген оттегінің шоғыры 11,90 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 0,49 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,4 ШЖШ, сульфаттар 3,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,5 ШЖШ, жалпы темір 2,9 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)6,0 ШЖШ, марганец (2+)2,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

**Желқуар** өзені суының температурасы 8,0 °С, сутегікөрсеткіші 8,22, суда еріген оттегінің шоғыры 6,19 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 1,14 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (магний 1,5 ШЖШ, сульфаттар 2,9 ШЖШ, хлоридтер 1,2 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)2,0 ШЖШ, никель (2+)2,6 ШЖШ), органикалық заттар (мұнайөнімдері 1,8 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

**Аманкелді су қоймасы** суының температурасы 5,1 °С, сутегікөрсеткіші 8,21, суда еріген оттегінің шоғыры 9,93 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 3,77 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 2,8 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)3,0 ШЖШ, никель (2+)8,1 ШЖШ, марганец (2+)1,9 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

**Қаратомар су қоймасы** суының температурасы 8,1 °С, сутегікөрсеткіші 8,12, суда еріген оттегінің шоғыры 11,57 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 2,16 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (фторидтер 1,7 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)3,0 ШЖШ, никель (2+)9,0 ШЖШ, марганец (2+)2,3 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

**Жоғарғы Тобыл су қоймасы** суының температурасы 22,7 °С, сутегікөрсеткіші 7,62, суда еріген оттегінің шоғыры 7,33 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> 4,92 мг/дм<sup>3</sup>. Негізгі иондар (сульфаттар 2,0 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,6 ШЖШ, фторидтер 1,2 ШЖШ), ауыр металдар (мыс (2+)3,0 ШЖШ, марганец (2+)2,7 ШЖШ, никель (2+)8,4 ШЖШ, мырыш (2+)2,0 ШЖШ) бойынша нормадан асу жағдайлары тіркелген.

Қостанай облысы аумағындағы су нысандары суының су сапасы келесіде бағаланады:

*«ластанудың жоғары деңгейіне»* - Тоғызак, Обаған өзендері, Аманкелді су қоймасы;

*«ластанудың орташа деңгейіне»* - Тобыл, Әйет, Үй, Желқуар өзендері, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймалары жатады.

2016 жылғы 4 тоқсанмен салыстырғанда су сапасы Тобыл, Әйет өзендерінде айтарлықтай өзгермеген; Үй, Желқуар өзендерінде, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында жақсарған; Тоғызак өзені, Аманкелді су қоймасында нашарлаған.



Кондитер фабрикасы ауданындағы топырақ сынамасында мыс бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

№31 мектеп ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Қостанай темірбетоны зауыты аумағында, Шұға-мауыты комбинаты, «Жеңіс» саябағы аудандарында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

**Варваринка кентінде** қайық өткелі, мектеп аумағында, кенттің кіре беріс аумағы, сорғы станциясы және «Варваринская» АҚ үйінділері аудандарындағы топырақ сынамаларында қорғасын құрамы – 12,2-27,6 мг/кг, мыс – 0,47-1,87 мг/кг, хром – 0,14-0,55 мг/кг, мырыш – 8,7-16,4 мг/кг, кадмий – 0,09-0,15 мг/кг шамасында болды және жол берілген нормадан артпады.

**Жітіқара кентінде** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 18,3 - 35,3 мг/кг, мыс – 0,52 - 1,44 мг/кг, хром – 0,17 - 0,62 мг/кг, мырыш – 10,5 - 18,9 мг/кг, кадмий – 0,08 - 0,52 мг/кг шамасында болды.

Партизанская көшесі ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Павловская көшесі (№2 орта мектеп), Жамбыл атындағы мәдениет және демалыс саябағы, Жеңіс саябағы, орталық гүл бағы аудандарындағы кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары норма шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

**Арқалық қаласында** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын 27,9 - 40,7 мг/кг, мыс – 0,81 - 3,06 мг/кг, хром – 0,26 - 3,3 мг/кг, мырыш – 11,4 - 22,4 мг/кг, кадмий – 0,16 - 0,45 мг/кг шамасында болды.

Ш.Уәлиханов атындағы №1 орта мектеп аумағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

«Алюминстрой» АҚ өнеркәсіптік аймағындағы (500 м ара қашықтықта) топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды. Мыс құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

8 наурыз және Горбачев көшелері қиылысы бұрышындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,3 ШЖШ артуы анықталды. Мыс пен мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Мира көшесіндегі Арқалық аудандық ауруханасы және Есіл қаласына бұрылатын автожолауданында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары норма шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

**Лисаковск қаласында** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында қорғасын 13,2 – 30,4 мг/кг, мыс – 0,17 – 0,95 мг/кг, хром – 0,2 – 0,66 мг/кг, мырыш – 8,5 – 17,1 мг/кг, кадмий – 0,11 - 0,37 мг/кг шамасында болды.

Больничная көшесі (ластану көзі – сүт зауыты «ДЭП» ЖШС -200 м) ауданындағы топырақ сынамасында қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Жеңіс саябағы, №1 орта мектеп аумағында, Строительная көшесі (теміржол бекеті ауданы -10м) және Тобольская көшесі («Мирас» медорталық -

10м) аумағында кадмий, қорғасын, мырыш және хром шоғырлары норма шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

**Рудный қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамасында қорғасын құрамы 12,6 - 34,2 мг/кг, мыс – 0,25 - 1,23 мг/кг, хром – 0,16 - 0,56 мг/кг, мырыш – 9,1 - 17,6 мг/кг, кадмий 0,08 - 0,42 мг/кг шамасында болды.

40 жылдық пен Топорков көшелері қиылысында («KEGOS» АҚ нан зауыты - 1 км), Топорков пен Лиза Чайкина көшелері қиылысында (ластану көзі-"KEGOS"АҚ, рудный автотранс, "Жилстрой, Рудненский сүт зауыты» ЖШС)аудандарындағы топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Горняков пен Паркова көшелері қиылысындағы (№13 орта мектеп – 500м) топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Ленин көшесі (Стадион аумағы, аллея-100м) және Дзержинский Горняков көшелері қиылысында ("Горняков" МҮ артындағы саябақ – 500м)кадмий, қорғасын, мырыш және хром шоғырлары норма шамасында болып, жол берілген нормадан артпады.

## **9.12 Қостанай облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 6 метеорологиялық стансада (Жітіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарықол) және Қостанай қаласының (№2, №4 ЛББ), Рудный қаласының (№5, № 6 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (9.9-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08 – 0,18 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

## **9.12 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қостанай облысының аумағында2 метеорологиялық станцияда (Жітіқара, Қостанай)ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (9.9-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8 –1,4 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,0 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



9.9 – сурет. Қостанай облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 10 Қызылорда облысының қоршаған орта жай-күйі

### 10.1 Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (10.1-сур., 10.1-кесте).


10.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Төрқұлова көшесі 76	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртті сутегі, формальдегид
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Нариманова к-сі, 6	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді
3			Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станция»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді,



				азот оксиді, формальдегид
--	--	--	--	------------------------------



10.1-сурет. Қызылорда қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей) РМ-2,5 қалқыма бөлшектерімен, көміртегі оксидімен №2 бекет аумағында (Нариманова к-сі, б) және қалқыма бөлшектерімен (шаң) №3 бекет аумағында (Сырдария өзенінің сол жағалауы, «Аэрологиялық станция») және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Орташа күкірт диоксиді шоғырлары - 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>, азот диоксиді – 1,3 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектері (шаң) шоғырлары – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 2,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 3,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 1,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластанушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 10.2 Ақай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.2-сур., 10.2-кесте).



## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Қорқыт-Ата көшесі, н/з	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), формальдегид



10.2-сурет. Ақай кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.2-сур.)атмосфералық ауаның жалпыластану деңгейі төмен болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Орташа шоғырлар озон (жербеті) бойынша 1,4 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластанушы заттар ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


## 10.3 Төретама кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (10.3-сур., 10.3-кесте).

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет	Сынама	Бақылау	Бекет мекен-	Анықталатын қоспалар
-------	--------	---------	--------------	----------------------

нөмірі	мерзімі	жүргізу	жайы	
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мұратбаев көшесі, 51 «А»	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, формальдегид



10.3-сурет. Төретам кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (10.3-сур.)атмосфералық ауасының жалпы ластану деңгейі төменболып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2-сур.).

Барлық ластаушы заттардың орташа және максималды-бірлік шоғырларыШЖШ-дан аспады.

#### 10.4 Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауа жай-күйі

Қызылорда қаласы бойынша атмосфералық ауаға жүргізілген маршруттық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.4-сурет, 10.4-кесте).



10.4 – сурет. Қызылорда қаласы бойынша экспедициялық бақылаудың маршруттық бекеттерінің орналасу сызбасы

2017 жылдың 4тоқсанында Қызылорда облысы бойынша жүргізілген экспедициялық зерттеулер бойынша қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің бар болуы норма шегінде болды (10.5-кесте).

2017 жылдың 4 тоқсанына Қызылорда қаласының экспедициялық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйіне сипаттама

Нүктенің атауы	Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ															
	Қалқыма заттар				Күкірт диоксиді				Азот диоксиді				Көміртегі оксиді			
	4 тоқсан 2016 ж.		4 тоқсан 2017 ж.		4 тоқсан 2016 ж.		4 тоқсан 2017 ж.		4 тоқсан 2016 ж.		4 тоқсан 2017 ж.		4 тоқсан 2016 ж.		4 тоқсан 2017 ж.	
	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ асу еселігі
Оңтүстік өндірістік аймағы (ҚОТО)	0,04	0,1	0,02	0,1	0,046	0,1	0,042	0,1	0,05	0,3	0,03	0,1	0,4	0,1	1,6	0,3
			0,02	0,1			0,026	0,1			0,04	0,2			1,2	0,2
			0,02	0,1			0,045	0,1			0,03	0,1			1,2	0,2
Солтүстік өндірістік аймағы("ҚЖЭО")	0,05	0,1	0,02	0,1	0,046	0,1	0,048	0,1	0,05	0,3	0,03	0,1	0,4	0,1	1,1	0,2
			0,02	0,1			0,061	0,1			0,03	0,1			1,0	0,2
			0,02	0,1			0,039	0,1			0,03	0,1			1,0	0,2
«Сыбаға» базары	0,04	0,1	0,02	0,1	0,049	0,1	0,043	0,1	0,05	0,3	0,03	0,1	0,4	0,1	1,6	0,3
			0,02	0,1			0,033	0,1			0,04	0,2			1,7	0,3
			0,02	0,1			0,044	0,1			0,04	0,2			2,2	0,4
«Ақмешіт» шағынауданы	0,05	0,1	0,03	0,1	0,050	0,1	0,055	0,1	0,06	0,3	0,03	0,1	0,4	0,1	2,0	0,4
			0,02	0,1			0,041	0,1			0,04	0,2			1,7	0,3
			0,03	0,1			0,035	0,1			0,03	0,1			1,6	0,3
Орталық алаң	0,05	0,1	0,02	0,1	0,042	0,1	0,055	0,1	0,05	0,3	0,05	0,3	0,4	0,1	1,5	0,3
			0,02	0,1			0,054	0,1			0,05	0,3			1,2	0,2
			0,02	0,1			0,028	0,1			0,05	0,3			1,4	0,3
			0,02	0,1												

2017 жылдың 4тоқсанына Қызылорда облысының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның  
жай-күйіне сипаттама

Нүктенің атауы		Максимальді-бір реттік шоғыр, ШЖШ															
		Қалқыма заттар				Күкірт диоксиді				Азот диоксиді				Көміртегі оксиді			
		4тоқсан 2016 ж.		4тоқсан 2017 ж.		4тоқсан 2016 ж.		4тоқсан 2017 ж.		4тоқсан 2016 ж.		4тоқсан 2017 ж.		4тоқсан 2016 ж.		4тоқсан 2017 ж.	
		мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі	мг/м <sup>3</sup>	ШЖШ ауу еселігі
Жаңақорған	Аудан орталығы (Қорасан ата к.)	0,03	0,1	0,02	0,1	0,035	0,1	0,026	0,1	0,05	0,3	0,02	0,1	0,4	0,1	1,0	0,2
	Базар ( Манап Көкенов көшесі)	0,04	0,1	0,02	0,1	0,039	0,1	0,034	0,1	0,07	0,4	0,02	0,1	0,5	0,1	1,0	0,2
	Т/ж вокзал ы (Амангелді көшесі)	0,03	0,1	0,01	0,1	0,046	0,1	0,039	0,1	0,06	0,3	0,02	0,1	0,4	0,1	1,0	0,2
Шиелі	Аудан орталығы (Сәтбаев көшесі)	0,04	0,1	0,08	0,2	0,058	0,1	0,022	0,1	0,07	0,4	0,02	0,1	0,7	0,1	0,9	0,2
	Базар ( Дәулеткерей көшесі)	0,03	0,1	0,06	0,1	0,061	0,1	0,022	0,1	0,07	0,4	0,02	0,1	0,7	0,1	0,6	0,1
	Т/ж вокзал ы (А. Байтұсынов к.)	0,03	0,1	0,06	0,1	0,052	0,1	0,018	0,1	0,07	0,4	0,03	0,2	0,7	0,1	0,7	0,1
Сырдария	Аудан орталығы (Қонаев көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,059	0,1	0,085	0,2	0,04	0,3	0,04	0,2	0,5	0,1	1,0	0,2
	Базар ( Керейтбаев көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,035	0,1	0,073	0,1	0,05	0,3	0,06	0,3	0,7	0,1	1,0	0,2
	Т/ж вокзал ы (Алиакбаров көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,040	0,1	0,081	0,2	0,04	0,3	0,04	0,2	0,7	0,1	0,9	0,2
Жалағаш	Аудан орталығы (Бұқарбай батыр көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,051	0,1	0,090	0,2	0,06	0,3	0,03	0,2	0,5	0,1	1,1	0,2
	Базар ( Абай көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,052	0,1	0,099	0,2	0,05	0,3	0,03	0,2	0,6	0,1	1,4	0,3
	Т/ж вокзал ы (Қыстаубаев көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,049	0,1	0,064	0,1	0,07	0,4	0,04	0,2	0,3	0,1	1,0	0,2
Қармақшы	Аудан орталығы (Қорқыт ата к.)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,035	0,1	0,075	0,2	0,05	0,3	0,03	0,2	0,4	0,1	1,0	0,2
	Базар ( Көшербаев көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,039	0,1	0,021	0,1	0,05	0,3	0,03	0,2	0,7	0,1	1,1	0,2
	Т/ж вокзал ы (Привокзальная к.)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,044	0,1	0,034	0,1	0,07	0,4	0,03	0,2	0,8	0,2	1,0	0,2
Қазалы	Аудан орталығы (Әуезов к.)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,049	0,1	0,049	0,1	0,05	0,3	0,03	0,2	0,5	0,1	1,5	0,3
	Базар ( Счастнов көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,037	0,1	0,049	0,1	0,08	0,4	0,03	0,2	0,7	0,1	1,2	0,2
	Т/ж вокзал ы (Әйтеке би көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,042	0,1	0,028	0,1	0,05	0,3	0,02	0,1	0,4	0,1	1,2	0,2
Арал	Аудан орталығы (Абылай хан к.)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,055	0,1	0,027	0,1	0,07	0,4	0,02	0,1	0,6	0,1	1,0	0,2
	Базар ( Бақтыбай батыр көшесі)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,048	0,1	0,024	0,1	0,05	0,3	0,03	0,2	0,8	0,2	1,0	0,2
	Т/ж вокзал ы (Жеңіске 50 жыл к.)	0,00	0,0	0,00	0,0	0,050	0,1	0,030	0,1	0,06	0,3	0,03	0,2	0,8	0,2	1,0	0,2

## 10.5 Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасы

Қызылорда облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізіледі: Сырдария өзені және Арал теңізі.


**Сырдария** өзені суының температурасы 2,6-14°C, сутегі көрсеткішінің орташа мәні – 7,84, суда еріген оттегінің шоғыры 6,18 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 орта есеппен 1,18 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,2 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,7 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,3 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Арал теңізі** суының температурасы 1,6-8,2°C, сутегі көрсеткішінің –8,1, суда еріген оттегінің шоғыры 7,19 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 1,1 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+) 2,3 ШЖШ), негізгі иондар (сульфаттар 4,9 ШЖШ), биогенді заттар (жалпы темір 1,1 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Сырдария өзені және Арал теңізі суының сапасы «ластанудың орташа деңгейі».

2016 жылдың 4 тоқсанымен салыстырсақ Сырдария өзені суы жақсарған, Арал теңізі суы – айтарлықтай өзгермеген.

Оттегі режимі бірқалыпты (4-кесте).



10.6 Қызылорда облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

## 10.6 Қызылорда қаласы мен Қызылорда облысы бойынша шаруашылық-ауыз су және мәдени-тұрмыстық су пайдаланудың су сапасы

2017 жылдың 3 тоқсанында шаруашылық ауыз су санаты бойынша судың сынамасына қалалық су жинаудан (Тасбөгет кенті, Шүкіров көшесі) – су таратылатын су (тарататын жүйеге түспес бұрын), ашық су айдынынан (Сырдария

өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жерасты көздерінен - терең ұңғымалардан (ұңғыма – 100-120 м су жинау) алынған су сынамаларына химиялық талдау жүргізу үшін алынды. Облыс аудандарында су сынамаларын таңдау - аудандық ашық су айдынынан (Сырдария өзенінен тазалауға және сүзгіге дейін келген су), жер асты көздерінен – терең ұңғымалардан, су құбыры және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау желісінен (құдықтар, тарту колонкалар) жүргізіледі.

Қалалық және аудандық су жинаудан, терең ұңғымалардан және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздерінен алынған су сынамасы сапасының негізгі көрсеткіштері, шаруашылық ауыз су және мәдени – тұрмыстық су пайдаланудағы су объектілерінің судағы зиянды заттардың ШЖШ мәні, су құбыры үшін - ауыз суда құрамындағы зиянды заттардың гигиеналық нормативі (6 Қосымша) болып табылады.

2017 жылдың 3 тоқсанында Қызылорда қаласы бойынша ашық су айдындарында лайлылық -1,1 ШЖШ, құрғақ қалдық – 1,2 ШЖШ, түстілік – 3,1 ШЖШ, тұтқырлық – 1,1 ШЖШ құрады.

Терең ұңғымаларда арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,0 ШЖШ бойынша бақыланды.

Су құбырындағы ауыз су сапасы: түстілігі 1,0 ШЖШ.

Қызылорда қаласы бойынша 2017 жылдың 3 тоқсанында 2016 жылдың 3 тоқсанымен салыстырғанда айтарлықтай өзгерістер бақыланбады (2.1- кесте).

Қызылорда облысы бойынша ауыз судың негізгі ластаушылары – түстілік, лайлылық, тұтқырлық, сульфаттар, құрғақ қалдық, магний болып табылады.

Облыс бойынша ашық су айдындарында ШЖШ арту келесі ингредиенттер: лайлылық 1,0 -1,3 ШЖШ, түстілік 1,0 – 1,5 ШЖШ, құрғақ қалдық 1,0 – 1,2 ШЖШ, сульфаттар 1,0 ШЖШ, тұтқырлық 1,0 – 1,1 ШЖШ, магний 1,1 ШЖШ бойынша бақыланды.

Облыстың барлық аумағы бойынша жүргізілген су құбырындағы суда құрғақ қалдық 1,0 ШЖШ, арту болды.

Терең ұңғымаларда арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,0 – 1,1 ШЖШ, сульфаттар – 1,0 ШЖШ бақыланды.

Облыс аумағы бойынша орталықтандырылмаған су көздерінде арту келесі ингредиенттер: түстілік 1,0 – 1,1 ШЖШ, лайлылық 1,0 – 1,2 ШЖШ, сульфаттар 1,0-1,1 ШЖШ, құрғақ қалдық 1,1 ШЖШ, магний 1,1 -1,2 ШЖШ, тұтқырлық 1,1 – 1,3 ШЖШ бойынша бақыланды.

## **10.7 Эпизодтық бақылау деректері бойынша Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны**

Қызылорда қ. және Қызылорда облысы бойынша радиациялық гамма-фон (экспозициялық доза қуаттылығы) шекті норма шегінде (0,05-0,21 мкЗв/сағ. ) болды, бұл облыс тұрғындары үшін іс жүзінде қауіпті емес.



## **10.8 2017 жылдың күз мезгіліндегі Қызылорда облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

*Қызылорда қаласындағы* түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,22 - 1,54 мг/кг, қорғасын 14,6 - 41,4 мг/кг, мырыш – 12,4 - 45,8 мг/кг, кадмий – 0,12 - 0,18 мг/кг, мыс – 0,65 - 3,25 мг/кг шамасында болды.

Теміржол бекеті аумағындағы топырақ сынамасында қорғасын бойынша 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Күл-қоқыс үйінділері ауданындағы (оңтүстікке 500 м) топырақ сынамасында мырыш бойынша 2,0 ШЖШ, қорғасын – 1,3 ШЖШ артуы анықталды.

Су жинайтын бөген (фильтрлеу алаңына шығу, бассейн бастамасы) және Абай аулындағы суландыру алқабы ауданындағы топырақ сынамаларында мырыш бойынша 1,2 ШЖШ, мыс – 1,1 ШЖШ артуы анықталды.

Демалыс орны аумағында (пионер саябағы) барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

Барлық нүктелердегі хром шоғыры норма шамасында болды.

*Байқоңыр қаласындағы* түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларындағы хром шоғыры 0,36 - 0,67 мг/кг, қорғасын – 7,7 - 16,3 мг/кг, мырыш – 6,8 - 12,4 мг/кг, кадмий – 0,13 - 0,23 мг/кг, мыс – 0,84 - 1,22 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

## **10.9 Қызылорда облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 3 метеорологиялық стансада (Қызылорда, Арал, Шиелі) және Қызылорда қаласының (*№3 ЛББ*), Ақай (*№1 ЛББ*) және Төретам (*№1 ЛББ*) кенттерінің автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (10.7-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07-0,25 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

## **10.10 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Қызылорда облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Арал теңізі, Қызылорда) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (10.7-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,7 – 1,5 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша



радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы  $1,1 \text{ Бк/м}^2$ , бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



10.7 – сурет. Қызылорда облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 11 Маңғыстау облысының қоршаған орта жай-күйі

### 11.1 Ақтау қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (11.1-сур., 11.1-кесте).

11.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
3	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	1 шағынаудан, Жайық-Каспий экология департаментінің аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкірт қышқылы
4			« Морпорт Ақтау» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) аумағында	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, көмірсулар, аммиак, күкірт қышқылы
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	12 шағын аудан	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак
6			31 шағынауданы, № 10 учаскесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, аммиак



11.1-сурет. Ақтау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=7 (жоғары деңгей) №6-бекет аумағында (31 шағынауданы, № 10 учаскесі) РМ-10 қалқыма бөлшектерімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Орташа шоғырлар қалқыма бөлшектер (шаң) бойынша 1,7ШЖШ<sub>0.т.</sub>, озон (жербеті)– 1,1 ШЖШ<sub>0.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік РМ-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектері – 6,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкірттісутегі – 2,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 11.2 Жаңаөзен қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 2 стационарлық бекетте жүргізілді (11.2-сур., 11.2-кесте).

11.2- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут	үзіліссізрежимде	әкімшіліктің маңы	РМ-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді,

	сайын		көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі
2		метеостансаның маңы	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан



11.2-сурет. Жаңаөзен қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.2 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=4 (көтеріңкі деңгей) №1-бекет аумағында күкіртті сутегіменбасым ластанған (әкімшіліктің маңы) және ЕЖҚ=0%(төмен деңгей) анықталды (1,2-сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік көміртегі оксиді шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 1,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 4,7 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.


### 11.3 Бейнеу кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (11.3-сур., 11.3-кесте).

11.3- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Бейнеу ауданы, Восточная	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак



11.3-сурет. Бейнеу кентінің атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (11.3 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпы ластану деңгейі *төмен* болып бағаланды, СИ=1 және ЕЖҚ=0% анықталды (1,2 - сур.).

Максималды-бірлік PM-2,5 қалқыма бөлшектері шоғырлары – 1,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, PM-10 қалқыма бөлшектері – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

#### 11.4 Қошқар-Атақалдық қоймасы аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау «Қошқар-Ата» қалдық қоймасында жүргізілді.

PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.4-кесте).

11.4-кесте

«Қошқар-Ата» к/қ эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Анықталатын қоспалар	$q_{m}/\text{мг}/\text{м}^3$	$q_{m}/\text{ШЖШ}$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,09	0,31
Күкірт диоксиді	0,02	0,03
Көміртегі оксиді	3,20	0,6
Азот диоксиді	0,02	0,09
Азот оксиді	0,01	0,03
Күкіртті сутегі	0,01	0,8
Көмір сутегі сомасы	15,20	
Аммиак	0,01	0,1

#### 11.5 Баутино кенті аумағының эпизодтық деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Атмосфералық ауаның ластануына бақылау Баутино кентінде жүргізілді. PM-10 қалқыма бөлшектерінің, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, аммиактың, күкіртті сутегінің, көмір сутегі сомасының шоғырлары өлшенді.

Барлық анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады (11.5-кесте).

11.5-кесте

Баутино кентінің эпизодтық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры

Ластаушы заттар	Сынама нүктесі	
	$q_{m}/\text{мг}/\text{м}^3$	$q_{m}/\text{ШЖШ}$
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,09	0,29
Күкірт диоксиді	0,03	0,1
Көміртегі оксиді	1,28	0,3
Азот диоксиді	0,01	0,06
Азот оксиді	0,01	0,03



Күкіртті сутегі	0,004	0,5
Көмір сутегі сомасы	14,20	
Аммиак	0,01	0,1

## 11.6 Маңғыстау облысы кен орындарындағы атмосфералық ауа жай - күйі

Доңға және Жетібай кенорындарының барлық нүктелерінде қалқыма заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, аммиактың, күкірт қышқылының және көмірсулар қосындысының максимальді шоғырлары шекті жол берілген нормадан аспады.

## 11.7 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз суының сапасы

Орталық Каспийдегі жағалаулық стансалар мен ғасырлық кескіндер: Форт-Шевченко, Фетисов, Қаламқас, «ММГ» АҚ жағалаулық дамба су айдыны, Құрық ауданы, Орталық және Оңтүстік Каспий шекара аумағы, «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймақ су айдыны, Қаражанбас және Арман кен орындары.

Орталық Каспий су температурасы 4,8-13,2°C, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 8,1, суда еріген оттегі – 10,1 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ5 – 2,2 мг/дм<sup>3</sup>. ШЖШ асу байқалмаған.

2017 жылғы 4-тоқсанда Орталық Каспий су сапасы СЛКИ бойынша «нормативті таза» деп сипатталды. 2016 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда теңіз суы сапасы жақсарған.

## 11.8 Маңғыстау облысы аумағындағы Орталық Каспий теңіз түпкі шөгінділердің ластану жай-күйі

(Форт–Шевченко, Фетисово, Қаламқас), жағалаулық стансаларда, (Арман, Қаражанбас) кен орындарында, «МаңғыстауМұнайГаз» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі «ММГ» АҚ) жағалауындағы бөген су айдынында, Орта Каспийдің Құрық кенті ауданында және Орта және Оңтүстік Каспийдің(Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағында, «Ақтау теңіз порты» АЭА теңіз түпкі шөгінділеріне сынама алынды. Мұнай өнімдері және металдардың (мыс, никель, хром (6+), марганец, қорғасын және мырыш) бар болуы талданды.

**Жағалаулық станциялар** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,62-1,72 мг/кг, марганец – 1,28-1,32 мг/кг, хром – 0,034-0,052 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,028-0,038%, мырыш – 1,3-1,52 мг/кг, никель – 1,36-1,44 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0038 мг/кг шегінде болды.

**Кен орындар** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,58-1,62 мг/кг, марганец – 1,32-1,4 мг/кг, хром – 0,02-0,028 мг/кг, мұнай өнімдері

– 0,032-0,034 %, мырыш – 0,32-0,34 мг/кг, никель – 1,24-1,36 мг/кг және қорғасын – 0,0028-0,0044 мг/кг шегінде болды.

**«ММГ» АҚ жағалауындағы бөген су айдыны** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,16-1,26 мг/кг, марганец – 1,34-1,42 мг/кг, хром – 0,014-0,016 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,026-0,032%, мырыш – 0,3-0,32 мг/кг, никель – 1,12-1,16 мг/кг, қорғасын – 0,0032-0,0038 мг/кг шегінде болды.

**Орта және Оңтүстік Каспийдің (Адамтас шамшырағы) шекаралық аумағы** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,27-1,32 мг/кг, марганец – 1,22-1,36 мг/кг, хром – 0,02-0,024 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0042-0,0052%, мырыш – 0,32-0,4 мг/кг, никель – 1,24-1,29 мг/кг және қорғасын – 0,003-0,0035 мг/кг шегінде болды.

**Құрық к. ауданы** Теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,5-1,67 мг/кг, марганец – 1,27-1,35 мг/кг, хром – 0,02-0,034 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0028-0,0034%, мырыш – 0,36-0,42 мг/кг, никель – 1,36-1,4 мг/кг, қорғасын – 0,003-0,0037 мг/кг және шегінде болды.

**«Ақтау теңіз порты» АЭА айдынындағы 10 нүктелерінде** теңіз түпкі шөгінділерінің сынамаларында мыстың бар болуы 1,55-1,75мг/кг, марганец – 1,12-1,3 мг/кг, хром – 0,026-0,042 мг/кг, мұнай өнімдері – 0,0024-0,0035%, қорғасын – 0,0022-0,004 мг/кг, мырыш – 1,1-1,27 мг/кг, никель – 1,15-1,3 мг/кг шегінде болды.

### **11.9 2017 жылдың күз мезгіліндегі Маңғыстау облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі**

**Ақтау қаласында** «Каспий Ак» көлік салонының санитарлы қорғау аймағы аумағында, орталық жол аумағында, ЖЭС-1 Санитарлы-қорғау аймағы аумағында, 26 мөлтек ауданындағы №14 мектеп аумағында және «Ақбота» саябағы аумақтарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,003 – 1,5 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

**Бейнеу кентінде** «Жібекжолы» ЖШС аумағында, орталық жол («Айко» ЖҚС), Алтынсарин атындағы № 2 мектеп, «Бекет Ата» мешіті және №1 жол айрығы аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хром шоғырлары 0,003 – 1,3мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

**Жанаөзен қаласында** спорткешені ауданында, №7 мектеп, мұнайшылар МҮ, «Аден» дүкені және «Бұрғылау» ЖШС аудандарында кадмий, қорғасын, мырыш, мыс және хроми шоғырлары 0,01 – 1,36 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

**Форт – Шевченко қаласында** Мыңбаев атындағы мектеп ауданы, бұрынғы саябақ («Ая» кафесі), орталық жол, «Достық» қонақ үйі және Аджиб ККО компаниясы (Казахстан НортКаспианОперейтинг Компаниясы) ауданында мыс, кадмий, қорғасын, мырыш және хроми шоғырлары 0,003 – 1,57 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

**Қошқар- Ата қалдық сақтау қоймасы ауданында** қорғасын, кадмий, мыс, хром және мырыш шоғырлары 0,01 – 1,2 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.



**Дунга (3 нүкте), Жетібай (3 нүкте)** кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,002-0,01 мг/кг, мырыш – 0,24-0,4 мг/кг, мыс – 1,24-1,6 мг/кг, хром – 0,02-0,07 мг/кг, марганец – 1,17-1,4 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,03-0,04 мг/кг, никель – 1,1-1,6 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

**Қаражанбас (1 нүкте), Арман (1 нүкте)** кен орындарында түрлі аудандардан нүктелерден алынған топырақ сынамаларында қорғасын құрамы 0,004-0,006 мг/кг, мырыш – 0,35-0,43 мг/кг, мыс – 1,3-1,4 мг/кг, хром – 0,028-0,029 мг/кг, марганец – 1,18-1,35 мг/кг, мұнайөнімдері – 0,025-0,03 мг/кг, никель – 1,0-1,12 мг/кг шамасында болып, жол берілген нормадан аспады.

### **11.10 Маңғыстау облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 4 метеорологиялық стансада (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен, Бейнеу), Қошқар- Ата қалдық орнында және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Жаңаөзен қаласының (*№1, №2 ЛББ*) 2автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,07 – 0,25 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

### **11.11 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Маңғыстау облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (11.5-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,5 – 1,3 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



11.5 – сурет. Маңғыстау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 12. Павлодар облысының қоршаған орта жай-күйі

### 12.1 Павлодар қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 6 стационарлық бекетте жүргізілді (12.1-сур., 12.1-кесте).

12.1- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	Камзин мен Чкалов көшелерінің қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, хлорлы сутегі
2			Айманов көшесі, 26	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді,

				азот диоксиді, күкірттісутегі, фенол, хлор, хлорлы сутегі
3	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Ломов көшесі	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), көмірсутегісінің сомасы, метан
4			Қазправда көшесі	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан
5			Естай көшесі, 54	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан
6			Затон көшесі,39	



12.1-сурет. Павлодар қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.1-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі жоғары болып бағаланды, СИ=5 және ЕЖҚ=14% азот диоксидімен және азот оксидімен №4-бекет (Қазправда көшесі) анықталды (1,2-сур.).

Орташа шоғырлар азот диоксиді бойынша 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>азот оксиді - 1,1 ШЖШ<sub>о.т.</sub>кұрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектер (шаң) шоғырлары - 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектер – 2,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-10 қалқыма бөлшектер – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 3,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот диоксиді – 3,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, азот оксиді – 4,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 2,5 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 2,0 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 12.2 Павлодар қаласының эпизодтық бақылау деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Павлодар кентінде атмосфералық ауаның ластануына бақылау 1 нүктеде (№1 нүкте – Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймағы) жүргізілді.

Аммиактың, формальдегидтің, фтор сутегінің, бензиннің, бензолдың, этилбензолдың шоғырлары өлшенді.

Бензол шоғырының максималды шоғыры 1,1ШЖШ, этилбензол 2,8ШЖШ құрапды. Бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың шоғыры шекті жол берілген шоғырдан аспады (12.2-кесте).

12.2-кесте

Павлодарқаласының бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғырлары


Анықталатын қоспалар	q <sub>m</sub> мг/м <sup>3</sup>	q <sub>m</sub> /ШЖШ
Амиак	0,0019	0,0096
Формальдегид	0,00	0,00
Фтор сутегі	0,0010	0,048
Бензин	2,2350	0,4470
Бензол	0,3330	1,1100
Этилбензол	0.0553	2.8

## 12.3 Екібастұз қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 3 стационарлық бекетте жүргізілді (12.2-сур., 12.3-кесте).

## Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
2	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама(дискретті әдіс)	8 ш-а, Беркембаев және Сәтбаев көшелері	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Мәшқұр Жүсіп көшесі, 118/1	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, көмір сутегінің сомасы, метан
3			Машқұр Жүсіп көшесі, сорғыш бұрқақ стансаның маңы	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон(жербеті), аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



12.2-сурет. Екібастұз қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.2-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі көтеріңкі болып бағаланды, СИ=4 және ЕЖҚ=2% көміртегі оксидімен №3-бекет аумағында (Машкүр Жүсіп көшесі, сорғыш бұрқақ стансаның маңы) анықталды (1,2-сур.).

Орташа шоғырлар қалқыма бөлшектері (шаң) бойынша 1,2 ШЖШ<sub>о.т.</sub> құрады, басқа ластаушы заттар ШЖШ-дан аспады.

Максималды-бірлік қалқыма бөлшектері (шаң) шоғырлары – 1,6 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, РМ-2,5 қалқыма бөлшектері – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, көміртегі оксиді – 4,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, күкіртті сутегі – 3,8 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

#### 12.4 Ақсу қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі


Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 1 стационарлық бекетте жүргізілді (12.3-сур., 12.4-кесте).

12.4- кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Әуезов көшесі, 4 «Г»	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутегі, көмірсутегісінің сомасы, метан





12.3-сурет. Ақсу қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (12.3-сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, СИ=2 (көтеріңкі деңгей), күкіртті сутегімен және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей), анықталды (1, 2 - сур.).

Ластаушы заттардың орташа шоғырлары ШЖШ дан аспады.

Максималды-бірлік күкіртті сутегі шоғырлары 2,2 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

## 12.5 Павлодар облысы аумағындағы жер үсті су сапасы


Павлодар облысы аумағындағы жер үсті суларының сапасын бақылау 2 су нысанында жүргізілді (Ертіс, Усолка өзендері).

**Ертіс өзені** суының температурасы 0,1-11,2 °С шегінде, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,18, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 11,43 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен 1,97 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,5 ШЖШ бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

**Усолка өзені** суының температурасы 9,0 °С, сутегі көрсеткішінің орташа мәні 8,09, суда еріген оттегінің шоғыры орта есеппен 9,08 мг/дм<sup>3</sup>, ОБТ<sub>5</sub> орта есеппен 2,26 мг/дм<sup>3</sup>. Ауыр металдар (мыс (2+)) 1,2 ШЖШ және биогенді заттар (тұзды аммоний 1,2 ШЖШ, нитритты азот 2,0 ШЖШ, жалпы темір 1,2 ШЖШ) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы тіркелді.

Павлодар облысы аумағындағы Ертіс, Усолка өзендері суының сапасы «ластанудың орташа деңгейімен» бағаланады.

2016 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда Ертіс өзені суының сапасы айтарлықтай өзгермеген (4-кесте).



12.5сур. Павлодар облысы жер үсті сулары сапасының сипаттамасы

## 12.6 2017 жылдың күз мезгіліндегі Павлодар облысы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластану жай-күйі

**Павлодар қаласындағы** түрлі аудандардан алынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 1,14 - 2,01 мг/кг, қорғасын – 10,6 - 24,3 мг/кг, мырыш – 15,2 - 22,6 мг/кг, мыс – 0,66 - 1,55 мг/кг, кадмий – 0,11 - 0,4 мг/кг шамасында болды.

Павлодар химиялық-мұнай зауытының санитарлы-қорғау зонасы ауданындағы топырақ сынамасында мырыш құрамы 1,0 ШЖШ деңгейінде болды.

Кутузов пен Торайғыров көшесі қиылысы, Чокин, Бектұров және Дүйсенов көшелерінің қиылысы, Естай мен Карл Маркс көшесері қиылысы мен "Алюминий Казахстана" АҚ СҚЗ ауданы қиылысындағы гүл-бақ аумағында анықталатын барлық ауыр металдар шоғыры норма шамасында болды.

**Ақсу қаласының** түрлі аудандарынан алынған топырақ сынамаларында хром шоғыры 0,84 - 3,62 мг/кг, қорғасын – 18,1 - 24,0 мг/кг, мырыш – 10,4 - 14,7 мг/кг, кадмий – 0,11 - 0,25 мг/кг, мыс – 0,37 - 0,76 мг/кг шамасында болды.

Ферроқорыту зауытының санитарлы-қорғау зонасы, Абай-Ертіс көшелері қиылысы, «Азамат» орталық сауда үйі аумақтарында барлық анықталатын ауыр металдар құрамы норма шамасында болды.



## **12.7 Павлодар облысының радиациялық гамма-фоны**

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 7 метеорологиялық стансада (Ақтоғай, Баянауыл, Ертіс, Павлодар, Шарбақты, Екібастұз, Көктөбе) және атмосфералық ауаның ластануына бақылау Павлодар қаласының (№3, №4 ЛББ), Ақсу қаласының (№1 ЛББ), Екібастұз қаласының (№1 ЛББ) 4 автоматты бекетінде бақылау жүргізіледі (12.6-сур.).

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06 – 0,21 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін нормаға сәйкес келеді.

## **12.8 Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығы**

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Павлодар облысының аумағында 3 метеорологиялық станцияда (Ертіс, Павлодар, Екібастұз) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды (12.6-сур.). Барлық стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді.

Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,6 – 1,6 Бк/м<sup>2</sup> шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,1 Бк/м<sup>2</sup>, бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.



12.6 – сурет. Павлодар облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сызбасы.

## 13 Солтүстік Қазақстан облысының қоршаған орта жай-күйі


### 13.1 Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай-күйі

Атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау 4 стационарлық бекетте жүргізілді (13.1-сур., 13.1-кесте).

13.1- кесте

#### Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет нөмірі	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	тәулігіне 3 рет	қол күшімен алынған сынама (дискретті әдіс)	Ш. Уалиханов көшесі, 17	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
3			Букетов көшесі, 16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы	қалқыма бөлшектер (шаң), күкірт диоксиді, сульфаттар, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид
5	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Парковая көшесі, 57А	PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көміртегі диоксиді
6			Юбилейная көшесі	PM-2,5 қалқыма бөлшектері, PM-10 қалқыма бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жербеті), күкірттісутегі, аммиак, көмірсутегісінің сомасы, метан



13.1-сурет. Петропавл қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

**Атмосфераның ластануын жалпы бағалау.** Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша (13.1 сур.) қаланың атмосфералық ауасы жалпыластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды,  $EЖҚ = 2\%$ ,  $СИ=2$  көміртегі оксидімен №5-бекет аумағында (Парковая көшесі, 57А) және №3-бекет аумағында (Букетов көшесі,16, Казахстанская правда көшесімен қиылысы) анықталды (1, 2-сур.).

Максималды-бірлік қалқыма көміртегі оксиді шоғырлары – 1,9 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, фенол – 1,1 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, аммиак – 1,3 ШЖШ<sub>м.б.</sub>, формальдегид – 1,4 ШЖШ<sub>м.б.</sub> құрады, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады (1-кесте).

Атмосфералық ауа бойынша жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары байқалған жоқ.

### 13.2 Солтүстік Қазақстан обласы аумағында эпизодтық деректер бойынша атмосфералық ауаның жай-күйі

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Тайынша, Саумалкөл, Булаева кенттері және Бескөл ауылында (№1 нүкте-Тайынша к. (Тайынша ауданы), №2 нүкте-Саумалкөл к. (Айыртау ауданы), №3 нүкте-Булаева к. (М. Жұмабаев ауданы), №4 нүкте-Бескөл а. (Қызылжар ауданы) жүргізілді.

Қалқыма бөлшектерінің (шан), күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің шоғырлары өлшенді.

Бақылау негіздері бойынша күкірт диоксидінің шоғыры 1,1-1,6 ПДК үш нүктесінде (№1, №2, №3), басқа ластаушы заттардың концентрациясы шекті жол берілген шоғырдан аспады(13.2 кесте).

Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының бақылау деректері бойынша  
ластаушы заттардың шоғырлары

Анықталатын қоспалар	Сынама нүктелері							
